

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№8 (10 055)

26 ақпан

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru

## Мемлекет басшысы сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөнінде кеңес өткізді



БЫЛТЫР СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ ЕУРОПА КОМИССИЯСЫНЫҢ ЕСЕВІ ЖАРИЯЛАНДЫ. ОНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАЗАҚСТАН АЛҒАШ РЕТ БАҚЫЛАУШЫ РЕТІНДЕ ҚАТЫСТЫ.

СОНЫҢ АРҚАСЫНДА ҰЛТТЫҚ СОТ ЖҮЙЕСІН ЕУРОПА СОТТАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІМЕН САЛЫСТЫРУҒА МҮМКІНДІК ТУДЫ.

ЕУРОПА ЕЛДЕРІНЕ ҚАРАҒАНДА БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ СОТ ІСТЕРІ ТЕЗ ҚАРАЛАДЫ.

12.02.2021 Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінен

## 1 наурыз «Nur Otan» партиясының құрылған күні!



**Құрметті жерлестер!**  
Сіздерді «Nur Otan» партиясы күнімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде біз Елбасы, партиямыздың Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстанды сенімді түрде алға

жылжу үшін, Тәуелсіздігіміз нығаюу үшін, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін, барлық қазақстандықтардың игілігінің арта түсуі үшін жұмыс жүргізудеміз. Осы уақытта жеткен жетістіктеріміз қатардағы партия мүшелерінің әр күнгі қажырлы еңбегінің арқасы.

Барлық партия мүшелері мен аудан тұрғындарына татулық пен бақ-береке және Отанымыз – Қазақстан Республикасының ұлы болашағы жолында барлық игі мақсаттарға қол жеткізулерін тілеймін!

**К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,**  
аудандық партия филиалы төрағасының 1-ші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты.

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Ақсу ауданының әкімі, аудандық партия төрағасы Е.Базархановтың өткен жеке қабылдауы 23 ақпан күні «Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде барлық карантин талаптарын мұқият сақтай отырып, аудан әкімі, «Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы Е.Базарханов азаматтарды жеке мәселелерімен онлайн және офлайн қабылдады.

Қабылдауға келген аудан азаматтарының қойған негізгі сұрақтары тұрғын үй, жер, атаулы әлеуметтік көмек, т.б. жеке мәселелері бойынша жүгініп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Жеке қабылдауға келген аудан азаматтарының сұрақтарына Заңға сәйкес жауап беріліп, аталған мәселелер бойынша өтініштерін қанағаттандыру мақсатында тиісті сала басшыларына тапсырмалар беріліп, уақытында орындалуы жүктелді.

**Л.ҚАСЫМБЕКОВА.**

Республика тағдырын біздер, қазақстандықтар өз қолымызға алдық!

Сөйтіп, бүгінде бүкіл әлем құрметтейтін мемлекет құрдық. Біз оны өзіміздің бақытымыз үшін және бүгінгі, сондай-ақ, келешек ұрпақтың игілігі үшін жүзеге асырдық. Біз өзіміздің қиын тарихымыздан сабақ алуға тиіспіз. Ол этносаралық қатынастар тарихи сияқты маңызды мәселеге де қатысты. Оны мектептерде объективті және еш әсірелеместен оқыту қажет. Біздің жастарымыз оны өзінің бес саусағындай білуі тиіс.

Өткен бүкіл XX ғасыр бойына Қазақстан аумағына көптеген халықтың қалыптасуының күрделі үдерісі жүрді. Ғасырдың ең басында столыпиндік реформа кезеңіндегі шаруалардың қоныс аударуы барысында Қазақстанға Ресейден, Украина мен Белорустан 1 миллион 150 мың адам келді. Жиырма шақты жылдан соң, 30-шы жылдарғы ұжымдастыру кезінде бұрынғы КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың мүліктері төркіленген шаруалар келді. Дәл сол уақыттарда өнеркәсіп нысандарын салуға елдің барлық түкпірлерінен шамамен 1,2 миллион адам қоныс аударды.

Сталиндік режим кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық немістер, 102 мың поляктар, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қыыр Шығыстағы корей отбасылары қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын. Сондықтан қабылдаған да солар болды.

Сөйтіп, өздері мұқтаждықта өмір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды өздерінің саман үйлерінде

## 1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

### МЕРЕКЕНІҢ МӘНІ - АЛҒЫС АЙТУ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2015 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзінен үзінді/

қабылдады. Біздің отбасымыз да үш баласы бар ерлі-зайыптыларды қабылдады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір - біріне мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір - біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді.

Өздеріңіз білесіздер, сталиндік қуғын - сүргін жылдарында Қазақстанда АЛЖИР, КарЛАГ, СтепЛАГ, ДальЛАГ, ПесчанЛАГ, КамышЛАГ, ЖезказғанЛАГ, Ақтебе, Петропавл, Кеңгір және Өскемен лагерлері сияқты жүз мыңдаған тұтқындар қамалған 11 арнаулы лагерь құрылды. Бірақ босағаннан кейін олардың барлығы бірдей кетіп қалған жоқ.

Оның сыртында соғыс кезінде Қазақстан 350 мың эвакуацияланған халықты қабылдады. 50-ші жылдары тың игеруге тағы да 1,5 миллион адам келді. Түрлі жабық әскери нысандар шамамен 150 мың маман мен олардың отбасыларын қабылдады.

Бүтіндей алғанда XX ғасырдың басынан Қазақстанға 5,6 миллион адам қоныс аударды. Ол кезде жергілікті халық шамамен 6 миллиондай адам болатын. Бұларды та-

рихты білмейтіндер мен Қазақстан қашаннан осындай көпұлтты болған деп санайтындар үшін айтып отырмын.

Екінші жағынан, сталиндік қылмыстық ұжымдастыру салдарынан 1,5 миллион қазақ аштықтан қырылды. Осыдан-ақ әлемде бірде-бір елдің, бірде-бір халықтың қазақ халқы сияқты демографиялық ахуалда мұндай күйреушілікті бастан кешпегенін және толық жойылып кету қаупі туындамағанын түсінуге болады.

Біз тірі қалдық, топтаса білдік, қатыгезденген де жоқпыз, өшіккен де жоқпыз, XX ғасырдың қатаң қасіреті үшін ешқашан ешкімді кінәлаған да емеспіз. Біз төтеп бере білдік, сталинизмнің бүкіл кінәсіз құрбандарына көмектестік, өз төңірегімізге барлық этностар мен конфессияларды біріктіре отырып, өз тәуелсіздігімізге бейбіт жолмен қол жеткіздік. Бүгінде де біздің еліміз толеранттылық, келісім мен бір-біріне деген сенім негізінде алға қарай қадам басуда.

Өздеріңіз көріп отырғандай, біздің көптеңестігімізді саяси жүйе жасанды түрде жасап шығарды. Ол үшін өз ықтиярларынан тыс осы жерге келген адамдар кінәлі емес. Олардың бәрі де бүгінде қазақстандық болып шықты.

Біз бәрін біртұтас, топтасқан халыққа біріктіре алдық. Бұл бүгінде біздің басты артықшылығымыз. Біздің күшіміз де осында.

## Еңбек министрлігі қарт адамдардың өмір сүру сапасын арттыру бойынша іс – шаралар жоспарын бекітті

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Аға буын азаматтарының жағдайын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі «Белсенді ұзақ өмір сүру» іс – шаралар жоспарын бекітті. Құжат ҚР - ның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасын және "Nur Otan" партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде әзірленді, онда әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі қарттардың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады.

Жоспарда 9 бағыт бойынша 36 іс - шара қарастырылған. Олардың барлығы аға буын азаматтарының өмір сүру сапасын, өмір ұзақтығын арттыруға, әлеуметтік және психологиялық саламаттылыққа, әлеуметтік өмірге тартуға және т. б. бағытталған.

Құжат «Аға буын азаматтарының құқықтарын сақтау және қадір – қасиетін қамтамасыз ету», «Аға буын азаматтарының материалдық жағдайы», «Аға буын азаматтарының жұмыспен қамтылуын арттыру», «Қарт адамдары бар отбасыларды қолдау» және т. б. бағыттарды қамтиды.

Мысалы, «Бос уақытты ұйымдастыру үшін жағдай жасау» бағыты аясында еліміздің барлық өңірлерінде белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын ашу, қарт адамдар үшін мәдени – бұқаралық іс – шаралар өткізу, қарттар күнін мерекелеуге арналған іс

– шаралар өткізу және т. б. жоспарлануда.

Ұлттық жоспарды әзірлеу кезінде Мадридтің қартаю мәселелері жөніндегі халықаралық іс – қимыл жоспарының ұсыныстары ескерілді. Онда қарт адамдардың тек әлеуметтік қамтамасыз етілуіне ғана емес, сонымен қатар зияткерлік және өндірістік тәжірибесі, қоғам дамуының белсенді қатысушылары ретінде сұранысқа ие болуына бағытталған шаралар қарастырылған.

Бүгінгі таңда Қазақстан БҰҰ анықтаған 7 пайыздық шекті еңсеріп, халқы қартайған елдерге жатқызылды. Еліміздің 8 аймағына қартаю процесі тән.

Мәселен, елдің солтүстік - шығысында және Орталық Қазақстанның бір бөлігінде жағдай Еуропа елдерімен ұқсас, яғни халықтың аз табиғи өсімі және көші - қоныс теріс сальдосы себебінен жас адамдармен салыстырғанда егде адамдар санының тез өсуіне байланысты халықтың қартаюы орын алады.

Республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінде, сондай – ақ, Нұр – Султан қаласында бала туудың өсуі есебінен 15 жасқа дейінгі халық үлесінің ұлғаюы байқалады, нәтижесінде халықтың қартаю көрсеткіші төмендейді.

Іс – шаралар жоспарымен "enbek.gov.kz" сайтында танысуға болады.

## Ауданымыз негізінен аграрлық сала болып табылатындықтан ауылшаруашылық дақылдарын себу, күтіп - баптау барысы бойынша агротехникалық озық, заманауи технологияларды қолдану арқылы мол өнім алу жолдарын қарастыру бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі болып қала береді.

Осыған байланысты аудан экономикасының дамуы ауылшаруашылық өнімдерінің көлемі мен сапасына тікелей байланысты. Аудан бойынша су қорын тиімді пайдалана отырып суармалы алқаптардың өнімділігін арттыру мәселесі басты міндет болып қала бермек.

Өздеріңізге белгілі, 2020 жылдың вегетациялық кезең кезінде қуаңшылық пен су тапшылығы кеңінен орын алды. Оған басты себеп ауа - райының құбылысына байланысты. Атап айтқанда, жаңбырдың болмауы, ауа температурасының тұрақты болмауы, түнгі мезгілде салқын болуы сияқты табиғи факторлардың әсерінен өзен арнасындағы су деңгейі күрт төмендеуі салдарынан, суармалы алқаптарға берілетін су деңгейі де елеулі

## Ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің назарына!

мөлшерде төмендеді. Атап айтқанда, 2020 жылдың маусым айының I-ші декадасы мен шілде айының II-ші декадасы аралығындағы ауа - райының құбылмалығы уақытша су тапшылығының орын алуына басты себеп болды.

Гидрологиялық болжамдар бойынша ағымдағы жылы тау өзендері бассейндеріндегі қардың қоры орта есеппен көрсеткішімен алғанда 25-65 пайызға аз болуы жөнінде мәлімет бар.

Осыған орай, аудан аумағындағы ішкі шаруашылық каналдарын мехнизацияланған тазарту, агротехникалық шараларды уақытылы өткізу, егіс айналасы (севооборот) шарасын атқару, су ресурстарын тиімді пайдалану шараларын мезгілінде әрі сапалы атқаруға баса назар аударуымызды атап көрсетемін. Қант қызылшасы – ауданымыздың төл дақылы болып табылатыны баршамызға аян. Аталған

дақыл суаруды көп мөлшерде қажет ететін болғандықтан, қант қызылшасы дақылдарын себетін алқаптарды осы бастан су көздеріне жақын жерден шоғырлана орналасуын (компактное расположение) ұйымдастырып, оны вегетациялық маусым басталғанша жүзеге асыру, аталған дақылдан мол өнім алуға қол жеткізетініне ерекше тоқталамын. Аталған дақылды себуге әзірлік өтер жылдың күз айларынан басталуы шарт, яғни, қант қызылшасы себілетін алқап соқа салу арқылы терең сүдірге (глубокая зябь) жырылған жағдайда болашақта мол өнім алу көзі болып табылады.

Олай болмаған жағдайда ерте көктемгі жер жырту (весенняя вспашка) алдында қажетті ылғалды ұстау мақсатында қара жерді алдымен – ала суару әдісін қолдану қажет екеніне және жерге себілген тұқымның өсіп - өнуіне ауа - райының қолайлығы тікелей әсер ететінін атап көрсетемін. Жер-

ге сіңірілген тұқымның өнуіне топырақтың 10 градус жылылығы қолайлы болып есептеледі. Сондықтан аталған дақылды себер алдында осы айтылған шаралар өз деңгейінде сақталып, жүзеге асырылуы өте қажет.

Сонымен қатар су ресурстарын үнемді түрде пайдалану үшін ылғалды көп қажет ететін ауылшаруашылық дақылдарын себуді мүмкіндігінше азайту немесе су берілетін каналдарға барынша жақын орналасуын қамтамасыз етуді ауылшаруашылық субъектілері мен шаруа қожалық иелерінің назарына саламын. Аталған шаралардың тиісті деңгейде атқарылуы себілген егістіктен мол өнім алудың кепілі болатынын естен шығармайық.

Мақаламның соңында шаруа қожалықтары иелерінің егіс алқаптарын суару кезеңіне дейін су беру қызметі бойынша әзірленетін келісім шартқа толыққанды отыру қажеттілігін ескерттім.

**Әділмұрат НҮРГЕЛДИН,**  
«Қазушар» РМК Ақсу өндірістік уәсакесінің бастығы.

## Терроризм - әлем індеті

Терроризм – жаһанға төнген үлкен індет. Аталған ұғым негізінен саяси - әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс - әрекет болып табылады.

Осындай адам жанын түршіктіретін қатыгез зұлымдыққа толы лаңкестік әрекеттің формасы да, тактикасы да әртүрлі. Олар - кепілге адам алу, қоғамдық орындарда жарылыстар ұйымдастыру, кісі өлтіру, бопсалау, шетелдік елшіліктерге, халықаралық ұйымдардың бас пәтерлеріне шабуылдар жасау, ұшақ жару, қару - жарақ қоймаларын басып алу, және т.б.

Көрші елдерде террорлық әрекеттердің салдарынан болып жатқан қайғылы оқиғаларға ортақтасқан Елбасымыз да, қандай келеңсіздік болмасын қарапайым халықтың қанын төкпеу қажеттігін кесіп айтқан болатын. Терроризм - әлемге, адамзатқа төнген қауіп! Адамзат осы қауіптен бірлесіп күресуі тиіс. Ислам дінінің


терроризммен ешбір байланысы жоқ. Терроризмнің не ұлты, не діні жоқ. Сондықтан да адамзат кеселмен бірлесіп күресуі тиіс.

Осы орайда Барлыбек Сыртанов ауылдық клубының қызметкерлері терроризмнің алдын - алу мақсатында ауыл тұрғындарына көптеген дөңгелек үстел, танымдық сағаттар сияқты шаралар ұйымдастырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

«Бірлесе көтерген жүк жеңіл», - демей ме дана қазақ. Басынан небір қиындықты «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» жеңген батыр бабалардың ұрпағы, ұлан - ғайыр ұлы даланың ұрпақтары үшін бұл аталып отырған терроризм болсын, басқа да сырттан төнер қауіп еш алаңдатпауы тиіс. Олар болса бүгінгідей "қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған" бейбіт күнде осы ауызбіршілігімізден еш айнымайық, - дегіміз келеді.

**Т.ШҰЛҒАУБАЕВ,**  
**Б.Сырттанов ауылдық клубының меңгерушісі,**  
**«Nur Otan» БПҰ-ның мүшесі.**

## Аудан тұрғындарының назарына!



Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының үшінші бағыты бойынша: жастар практикасына

2019, 2020, 2021 жылдары оқуын аяқтап диплом алған, дипломдағы мамандығына сәйкес жұмыс істемеген және жастар практикасынан өтпеген 29 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар қатыса алады.

Өту мерзімі: 6 ай.  
Еңбекақысы: 25 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді.  
Жоғарыда аталған талаптарға сай келетін үміткерлер толық ақпаратты халықты жұмыспен қамту орталығынан біле аласыздар.

**Ақсу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы.**

## Бір жолғы әлеуметтік көмек төленеді

Ақсу ауданы бойынша Тәжікстан – Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Ақсу ауданының әскери қызметшілеріне бір жолғы әлеуметтік көмек төленеді. Қазіргі кезде әлеуметтік көмекті төлеу үшін «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 30 сәуірдегі №60-269 шешіміне өзгерістер енгізілуде. Шешім қабылданып, толық күшіне енген соң қосымша хабарланады.

## КЕДЕЙШІЛІК ШЕГІ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» №246 Заңы 2 бабы 1-2 тармағына сәйкес, Алматы облысы бойынша орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы 2021 жылдың I тоқсанына 34164 теңгені құрайды.

Осыған сәйкес, Алматы облысы бойынша 2021 жылдың

I тоқсанына кедейлік шегінің мөлшері 23915 теңге (34164 x 70%).

2021 жылдың I тоқсанына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау кезінде осы көрсеткіштер негізге ала отырып есептелетіндігін хабарлайды.

**Ғ.ХАСЕНОВА,**  
**әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.**

## КОМАНДАЛЫҚ - ШТАБТЫҚ ОҚУ - ЖАТТЫҒУ

"Жоңғар орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2019 жылың 19 наурызында Ақсу ауданының әкімімен бекітілген Ақсу ауданының аумағындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде және шекаралас орналасқан мемлекеттік жер қорының жерлеріндегі өрттердің алдын - алу және өрттер жөніндегі 2019 жылға арналған азаматтар жоспарына сәйкес, Қапал ауылының №29-шы өртке қарсы қызметімен және Көшкентал, Арасан, Қапал ауылдық округтер әкімшілігінің өртке қарсы жасақтарымен бірлескен «Дала, тау, орман және тау-орман өрттерін сөндіру» командалық-штабтық оқу-жаттығуын өткізді.

Оқу-жаттығуға барлығы 55 адам қатысты. Қапал ауылының №29-шы өртке қарсы қызметінің қызметкерлері АҚ-2,5 Зил 130, Уаз-39099-6 адам, Қапал а/о әкімшілігінің өртке қарсы жасағы 1 газель, 1 нива - 22 адам, Арасан а/о әкімшілігінің өртке қарсы жасағы 1 нива - 5 адам және Көшкентал а/о әкімшілігінің өртке қарсы жасағы 1 нива 5 адам, Қапал Селден қорғау мекемесінен 1 нива 2-адам, Жоңғар орман шаруашылығының қызметкерлері мен ОӘСС-ның қызметкерлері 1- УАЗ-39099, 1-УАЗ-31519,1-АҚ-1,6 Газ-3308,1-МТЗ-920 тіркемелі су тартқышымен-12 адам. Өрттің көп жағдайда орын алатын жерлері өрт мемлекеттік жер қорына жататын жерлер. Ауылдық округ әкімшілік жерлері. Сол себепті ауылдық округтерде өртке қарсы жасақтары өрт сөндіру құрал-жабдықтар толықтыруларыңызды және арнайы киіммен қамтамасыз етілуін қадағаласаңыздар.

Дала өрті шыққан жағдайда жоспарға сай шұғыл әрекет етулеріңізді сұраймыз. Кей кездерде өрт өшірілмей тасталған сіріңке мен темекіден шығатыны рас. Бірнеше ондаған жылдарда өскен ағаштар мен орман қас - қағым сәтте жанып кетуі мүмкін. Сол себепті өрт ережелерін қатаң сақтағандарыңыз жөн. Дала, тау, орман және тау-орман өрттерін байқаған жағдайда 101 - телефонына хабарлауларыңызды сұраймыз.

**С.РАХЫМБЕРГЕНОВ,**  
**«Жоңғар орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ОӘСС-ның бастығы.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

## БІЗДІҢ МІНДЕТ - ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

Ақсу ауданы бойынша 2020 жылда мемлекеттік қызметтері туралы атқарылған жұмыстар

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің ең басты тірегі, оның алға қойған мақсаттары мен саясатын жүзеге асырушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Дамыған мемлекет тек қана тиімді және кәсіби мемлекеттік қызмет негізінде құрылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі ұзақ қалыптасу жолынан өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, цифрландыру мәселелерін айқындап өткен болатын. Бұл бағытта облыста және аудан деңгейінде бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Ауданда тізілімге сәйкес мемлекеттік қызметтердің 99 түрі көрсетіледі.

Жалпы 2020 жылы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны, барлығы – 14478. Портал арқылы өтініш тапсыру азаматқа оның өзінің жеке кабинет арқылы қарау мерзімдерін бақылауға, өтініш орындаушысы туралы мәліметтерге үйден шықпай-ақ, қол жеткізуге мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, аудан бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде оң динамика байқалады. Яғни, 2019 жылы электронды түрде 134 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, 2020 жылы 1339 қызмет көрсетілген немесе 10 есе артқан.

Сонымен қатар 2019 жылы қағаз түрінде 1966 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, 2020 жылы 227 қызмет көрсетіліп, яғни, қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтер 11 есеге азайған. Яғни, бұл көрсеткіш азаматтарымыздың цифрлық дағдыларымен қатар құқықтық сауаттылығы өте жоғары екендігі куәландырады. Аталған нәтижелердің өсуі, аудан бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуге арналған 85 дана өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмысын атқарады, аталған бұрыштар арқылы есептік кезеңде 2878 мемлекеттік қызмет көрсетілді. С

Сондай-ақ, тұрақты түрде халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында (13 мақала, 26 іс-шара семинар, 12 жәрмеңке, 10 видеоролик, еріктілер тобымен 17 ауылдық округте насихат жұмыстары жүргізіліп келеді және 1 бейнеролик, "Жетісу"



телеарнасына шыққан материалдарын қосқанда, ауылдық округте мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға арналған тиматикасына (билбордтар ілінген) аталған іс-шараларды, шамамен 20 мың адам қамтыды. Сонымен қатар, электрондық форматта "EGOV" электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу туралы үгіт - насихат материалдары әлеуметтік желілерге жариялануда. Аудан орталығындағы Жансүгіров ауылында Сервистік әкімдікте халыққа 49-дан астам мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Есептік кезеңде 2000-нан аса әртүрлі мемлекеттік қызметтер көрсетілді. Есептік кезеңде Сервистік әкімдіктің өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы қызмет алушылар өз бетінше 1632 әртүрлі қызмет түрін алды. Нәтижесі түсінікті, халықтың цифрлық сауаттылығы күн сайын өсіп келе жатқаны байқалады. Үкімет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет болу» тұжырымдамасының аясында 11 мекеме басшылары (фейсбук желісі арқылы) тікелей эфирге шығып, халықтың сауалдарына жауаптарын берді. Шешілмей қалған сұрақ жоқ. Аудан әкімінің аппараты Ішкі Бақылау қызметімен мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бақылау қағидаларына және 2020 жылға бекітілген жоспарларға сәйкес, 12 айда, бақылау тексеру іс-шараларымен 11 бақылау объектісі қамтылды. Нәтижесінде 1 мекемеге мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде орын алған заң бұзушылықтың негізінде (ескерту) тәртіптік жауапкершілігі қолданылды. Осымен қатар аудан әкімінің атына, аудан әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы ММ-сі, аудандық тұрғын үй

коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы ММ-сі қызметтеріне қатысты шағым қаралып, дәлелдер расталған соң, аудан әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы ММ-сінің, мекеме басшысына мемлекеттік қызметтерді негізсіз көрсетуден бас тартқандығы үшін аудан әкімінің өкіміне сәйкес, тәртіптік жаза, сөгіс жарияланды. Бұдан бөлек, аудан әкімінің өкіміне сәйкес, аудандық мәслихат депутаты, сондай-ақ, мемлекеттік емес ұйымдар қызметкерімен арнайы мониторингтік топ құрылды. Мониторинг тобымен мемлекеттік ұйымға бару арқылы, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, ережелер мен ыңғайлылықты сақтау бойынша 3 мекеме қаралып тиісті нұсқаулықтар берілді. Соның бірі - аудандық Кірістер басқармасы. Қазіргі таңда пандус стандартқа сәйкес келтіру жұмыстары аяқталды. Аудандық мемлекеттік мекемелерінің жұмысы аудандық Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұдайы назарында, яғни, жыл басынан қоғамдық кеңес отырыстарында аудандық 3 мемлекеттік қызметтерді көрсететін мекеме атқарылған жұмыстарының нәтижелері тыңдалды. Кеңес отырыстарының қорытындысы бойынша мекемелер атқарылған жұмыстарына оң баға берілді. «Nur Otan» саяси партиясының партиялық бақылау кеңес отырысында, бөлімшенің 12 айда атқарған жұмысының есебі тыңдалып, нәтижесі "қанағаттанарлық" деген баға берілді. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері тіркелген жоқ (облыс көрсеткіші). Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту саны, барлығы - 19, оның ішінде электрондық түрде - 19, негізсіз бас тарту тіркелген жоқ. (Тұрғын үй кезегіне, кезекке тұру) мемлекеттік қызметі түрі бойынша.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үздіксіз істелуді бойынша жұмыс әрі қарай жалғасады. Бұл сала тек қана мемлекеттік органдардың қатысуын ғана емес, барша тұрғындарымыздың белсенділігін қажет етеді.

**Сәкен ЖҰМАБЕКОВ,**  
**Ақсу ауданы әкімі аппараты мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің басшысы.**

## Атаулы әлеуметтік көмекті қалай алуға болады?

Елбасының тапсырмасына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек тиімділігін көтеру мақсатында, халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жандандыру үшін ауданымызда әлеуметтік көмек ұсыну бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аз қамтылған азаматтарды қолдаудың жаңартылған түрі мемлекеттік көмекті алуға мұқтаж жандарға беріледі. Атаулы әлеуметтік көмек – орташа айлық табысы жан басына шаққандағы кедейлік шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекет беретін төлем. Әлеуметтік жағдайға байланысты көмек екі түрге бөлінеді: шартты және шартсыз.

Атаулы әлеуметтік көмекті жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтары ала алады. Кедейлік шегі дегеніміз – бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы.

Шартсыз ақшалай көмек ағымдағы тоқсанға (3 айға) тағайындалып, ай сайын төленеді. Шартты ақшалай көмек әлеуметтік келісім шарттың әрекет ету мерзіміне (6 айға) беріледі.

Әрбір ауылдық округтердегі атаулы әлеуметтік көмек алушыларға қолдау көрсету үшін ассистенттер (жұмыспен қамту орталығының қызметкері) қарастырылған.

Шартсыз ақшалай көмек еңбекке қабілетті мүшелері жоқ отбасыларға (мысалы, мүгедек немесе егде жастағы зейнеткерлердің отбасыларына) немесе еңбекке қабілетті мүшелері объективті себептер бойынша жұмыс істей алмайтын отбасыларға

беріледі.

Мұндай отбасыларға жәрдемақы алу үшін міндетті түрде жұмыспен қамту шараларына қатысу талап етілмейді.

Ал, шартты ақшалай көмек құрамында кем дегенде бір еңбекке қабілетті мүшесі бар отбасыларға ұсынылады, олар әлеуметтік келісімшарт жасасып, отбасының барлық еңбекке қабілетті мүшесі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына міндетті түрде қатысуы тиіс. Осындай келісім жасалғаннан кейін жұмысқа орналасуға, оның ішінде жастар тәжірибесіне, әлеуметтік жұмыс орындарына, қажет болған жағдайда басқа мамандықтарға қайта оқыту курс-тарына бару керек. Яғни, барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз отбасын өмір сүрудің сапалы деңгейіне жеткізуге міндетті.

Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде есептік кезеңге түскен табыстың барлық түрі (АӘК үшін өтініш айына дейінгі тоқсан үшін) есепке алынады.

Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін орташа жан басына шаққандағы айлық табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-нан төмен болуы тиіс.

Атаулы әлеуметтік көмек алу үшін ауылдық округ әкімдігіне және жұмыспен қамту орталығына жүгінулеріңіз қажет.

**Күләш БЕКІШОВА,**  
**аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.**

# "СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ" ДЕГЕН НЕ? ОНЫМЕН КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫ

"Сыбайлас жемқорлық" деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны "параға сатып алу", "пара" ретінде, "corruptio", -деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ, "corruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда "сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу", - деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. ҚР "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" Заңы сыбайлас - жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: "...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ, соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүлктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды параметр сатып алу". Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас жемқорлықпен күресте өте маңызды. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық - үдерістерді бұқаралық ақпараттық құралда (одан әрі БАҚ) жариялау, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы, өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру. Қазіргі таңда ҚР Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің ақпараттық мөлдірлігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару органдарының рұқсат ету және өкімшілік құзыреттерін

## Жемқорлық



оңтайландыру, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесіне көшу негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау. Бағдарламада ерекше көңіл азаматтық қоғам ұйымдарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысқа тартуға, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бөлінеді. Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тетігін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма - қол айналымын мейлінше көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған Заңға сәйкес аталған қағидаларға мыналар жатады:

- мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті;
  - лауазымды, сондай-ақ, олардың қатарына жататын басқа адамдардың құқықтарын және еркіндігін ҚР Конституциясының 39 бабы 1 тармағына сәйкес шектеу;
  - жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды салдарын жою және алдын алу;
  - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықпен күреске ықпал жасайтын азаматтардың жеке қауіпсіздігін;
  - кәсіпкерлік қызметке бақылау жасайтын жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік реттеу өкілеттігін беруді болдырмау.
- Жемқорлық әсіресе, мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және

шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауда болуын жою симбиозын көрсетіп білдіреді. Практика көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. Жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе, экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды. Жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын - алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады. Аталмыш органдардың лауазымды адамдары заңнама белгілеген мерзімде іс, материал, хаттама жіберген адамға немесе органға жазбаша жемқорлық қылмыс, өкімшілік құқық бұзушылық туралы көрсетіп, білдіру жіберуге, оларды қарағанның нәтижелері туралы хабарлауға тиіс. Заңға сәйкес бұл органдар олардың құзырынан шығатын шаралар қабылдауға және жауапты мемлекеттік лауазымда отырған адамдардың жасаған сыбайлас жемқорлық қылмысын анықтаған әр оқиға туралы құқық статистикасы және ақпарат органдарына дереу мәліметтер жіберуге міндетті.

Оқырмандарымызды заңгер етуді мақсат етпей, дегенмен толық түсіну үшін қарапайым құқық бұзушылық пен сыбайлас-жемқорлық қылмыстың айырмашылығын түсіндірген пайдалы деп есептейміз. Оның үстіне кез - келген кәсіпкерде штаттық заңгер ұстауға және қорғаушының қызмет көрсетуін төлеуге мүмкіншілігі бар. Жемқорлық кінәсі тағылған шенеунік қарсы іс-әрекет жасауы мүмкін, сондықтан өз заңдылығын мойындату үшін заң жағынан нық болған дұрыс. Сонымен қатар, салық басқармасының ғимаратында, есептілік қабылдайтын орталықта қызметкерлерге бақылау жасау үшін бейнежазбалар түсірілетін камералар және ұсыныстар мен шағымдарға арналған кітапшалар мен жәшіктер орналастырылған.

**Ж.ҚАЙСАНОВА,**  
Көшкентал ауылдық округі өкімі аппаратының Жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы,  
«Nur Otan» БПҰ-ның, «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі.

# Су тасқынының алдын алайық!



Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасарының 2021 жылғы 11 қаңтардағы №21-13-03/53 шығыс хатына сәйкес, «2021 жылы болуы мүмкін қар көшкініне, су тасқынына, су басуларға, сырғымаға, селдің жүруіне дайындық және тұрғындардың, шаруашылық жүргізу объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және болуы мүмкін зиянды төмендету шаралары туралы орындау мақсатында Ақсу ТЖБ мен аудандық жергілікті атқарушы органдарымен бірнеше су тасқынына алдын - алу іс-шара жүргізулуде. Мысалы, оның ішінде Ақсу ауданы аумағындағы ауылдық округтерде орналасқан барлық су шаруашылық құрылыстар (ГТС) есепке алып, су тасқынына аса бейім аумақтар мен су айындайрын тексеру ұйымдастырылды. Сонымен бірге елді - мекендердегі арық, канал, гидротехникалық құрылғылар, су ағызу арналары аралау ұйымдастырылды, су тасқыны болуы мүмкін немесе басқа да шұғыл жасалатын инженерлік қорғау жұмыстарының орындалуы туралы, құжаттарын ауылдық округ әкімдеріне тапсырылуда. Осыған байланысты Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімі су тасқынына, су басуларға дайындау және тасқын суды апатсыз өткізу мақсатында, Сіздерге осы мерзімнен бастап су ағызу арналары тазалау және басқа да қажеттілік инженерлік қорғау жұмыстары жүргізу керек екендігін ескертеді.

**Бақытжан ӘДІЛЖАНОВ,**  
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

## Салық Кодексінің міндеттемелері


Ақсу ауданының мемлекеттік кірістер басқармасы (бұдан әрі - МКБ) салық төлеушілерге Қазақстан Республикасы Салық кодексінің (бұдан әрі - ҚР Салық кодексі) 330, 331, 334 - баптарына сәйкес құн өсімінен (мүлктік кіріс) түсетін табыс пайда болатын, меншік құқығында 12 айдан кем болған тұрғын мүлкі (жеке үйлер, пәтерлер, гараждар), жер уәскесін (ЖТҚ, ЖҚШ, бағбандық) не тұрғын емес мүлкі (коммерциялық объектілер) өткізу кезінде оң айырма, ҚР Салық кодексінің 320 - бабының 1 - тармағына сәйкес 10 пайыз мөлшерлемесі бойынша жеке табыс салығы (бұдан әрі ЖТС) есептелеуге жатады және табыс алынған есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2020 жылға жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс ету бойынша ҚР Салық Кодексінің 363 және 364-баптарына сәйкес салық міндеттемесі туындайды (салық есептілігі 240.00 нысаны).

ЖТС уақытылы төленбеген жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептелетінін және өкімшілік ықпал ету шаралары көзделгенін қосымша еске саламыз!

Жоғарыда айтылғандардың негізінде МКБ 2020 жылға мүлктік кіріс алған барлық салық төлеушілерден салық міндеттемелерін орындауды сұрауға сенімді.

**Р.САЯҚОВ,**  
салықтық бақылау және өндіріп алу бөлімінің басшысы.

## Жемқорлыққа қарсы күрес – басты міндет



Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық заман мен бірге өсіп - өркендеген, небір тегеруінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайдан мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Кез - келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтары болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы. Ол жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке, қауіп - қатер әкелетін індет. Сондықтан

да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - осы ұтымдылықпен күрес болып отыр. Кез - келген азамат төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің 8 (72832) 2-13-86 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз. Елбасымыз атап айтқандай, «Сыбайлас жемқорлықпен күрес қылымсызкерлерді жазалау жөніндегі табанды шаралар ғана емес, бұл мемлекет пен қоғамның күнделікті жұмысының тұтас кешені». Сол себепті, әрбір Қазақстан Республикасының азаматты сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

**Нұрдәулет ЖАҚСЫБАЕВ,**  
аудандық ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.

## Терроризм - адамзаттың қас жауы

"Террор, терроризм" - сөзінің мағынасы латын тілінен аударғанда, қорқыныш, үрей деген ұғымды білдіреді. Бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша жаһандық мәселе, елімізге қауіп төндіретін, мемлекеттің билігін күйретуге әсер ететін ол - терроризм. Терроризм мен экстремизмнің ең басты объектісі - ол адамдардың өмірі, денсаулығы және қоғамның қауіпсіздігі. Терроризм - көп объектілі қылмыс түріне жатады, жарылыс жасау, өрт қою, адамдардың қазна болуы, елеулі мүлктік зиян келтіру, қоғамға қауіпті басқа да зардаптарды туындататын іс-әрекеттер жасау. Ғаламдық бұл қауіп - қатер қоғамға саяси, экономикалық, моральдық шығын әкеліп, үрей туында. Терроризм қауіпі 20 ғасырдың ортасында күшейе түсті. Әлемнің көптеген аймақтарында экстремистік топтар мен ұйымдар қанқұйлы терактілер жасау арқылы өз мақсаттарына қол жеткізгісі келді. Бүгінгі таңда жаһанда 500-дей экстремистік ұйымдардың бар екені белгілі болып отыр. Терроризм - бұл әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шекараларының шегінен шығып, бүкіләлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірген күрделі, көпқырлы, жағымсыз саяси-әлеуметтік құбылыс. Жаһандық зұлымдықпен күресудің тиімді әдістері мен нысандарын зерттеуге арналған мемлекет басшыларының қатысуымен көптеген халықаралық конференциялар өткізілді. Осы конференцияларда терроризмге қатысты халықаралық реакцияның оған қарсы күресудің жүйесі талап етілетіндігі туралы бірнеше рет айтылды. Терроризмге қарсы тұру үшін терроризмнің мәнін нақты білуіміз керек. Барлығымызға мәлім, терроризм экстремизммен тығыз байланыс-ты, терроризм экстремизм және ұйымдастырылған қылмыс - бүкіл әлемдік қауымдастық үшін аса қауіп-қатер екені даусыз. Бүгінгі таңда «терроризм» сөзінің әмбебап анықтамасы жоқ. Терроризм - экстремизм көріністері мемлекеттің ғана емес бүкіләлемдік өзекті мәселелердің бірі. Жастарымыздың кейбірі дәстүрлі емес діни ағымдардың қыр-сырын білмей жатып, сол ұйымдардың жетегінде кетіп жатқаны жасырын емес. Жастар - біздің мемлекетіміздің болашағы десек, ол бізден күнделікті қамқорлықты, тынымсыз еңбекті талап етеді. Жастарымыз адамзаттық болмыстағы,



әсіресе, дін саласы сияқты саладағы құнды бағдарларын білуі өте маңызды. Бұлай дейтініміз - жас-тар жеке тұлға ретінде көбінесе жас шағында қалыптасады. Қазіргі кезде діни фундаментализм мен лаңкестік бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Бүкіл

әлемнің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған діни экстремизм мен терроризм ең өзекті мәселелердің бірі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе, халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси - әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып саясиланғанын ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп - қатер ойдан шығарылған емес нақты және шынайы өмірлік қауіп», - деген болатын. Ал, дін саласында мемлекетімізде көп жұмыстар атқарылуда. Мемлекетімізде діни ахуалдың тұрақталуы туралы негізгі бағаны беретін - халық. Жұмыстың стратегиялық жолмен таңдалған бағыттарын жалғастыру, іс-тәжірибені біртіндеп жақсарту біз үшін де маңызды. Енді біз конфессияаралық келісімге, жоғары мәдениетке, қоғамды тәрбиелеуге негізделген еліміздің рухани байлығын сақтау және одан әрі арттыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіспіз.

Террористік, экстремистік әрекеттердің алдын - алу да біз де үлес қосуымыз керек. Ол үшін бізге рухани білім керек. Білім арқылы ғана біз ақты ақ деп, қараны қара деп айыра аламыз,-деп ойлаймыз. Қоғам болып, ел болып дінімізді сақтап, қорғап, мұсылманшылық пен имандылықты қанат жайып, халыққа қызмет етуіне себепші болайық. Осы мақсатта - Ақсу ауылдық мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, ай сайын экстремизм - терроризмге қарсы бейнероликтер, дөңгелек үстелдер, сақтық шаралары әлеуметтік желілерге салынып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Экстремизм - терроризмнен сақ болайық, аман болайық!,- дегіміз келеді.

**Ақсу ауылдық мәдениет қызметкерлері,**  
«Nur Otan» БПҰ-ның мүшелері.

Дулатбек үрдіс еркек қой бағады. Үлектің құмының бергі жағындағы қолаң сексеуілдің арасына қосын тікті. Осы жерді қыстап шықпақ. Қай уақытта болса да Дулатбек баққан қойлар қонды болады. Өйткені, шөптің сонысын жегізіп, судың тұнығын ішкізіп, қас-қабағына қарап жүреді. Сол үшін де жылы үй мен бүтінделген қораны керек етпей, елден ұзап, оқшауырақ жерге барып, қос тігіп отырады. Ұзақ жылдар ішінде өзіне серік, қойға ес болатын бір жақсы ит құтаймай-ақ қойды. Ана бір сабалақ ит те ашылып үрмейді. Қораның төріне шықпайды. Қотанды күзетпейді. Сол жатқаны жатқан. Күндіз қой соңына ерген болады. Түнде басын ішіне тығып, жата қалады. Иттің мұндай болуы қойшы үшін жақсы нәрсе емес.

Үлкен баласы Түкіби аудан орталығында сегізінші сыныпта оқиды. Аталас ағайындарының үйінде тұрады. Жазғы демалыста қолғабыс тигізгені болмаса, тоғыз ай оқудың соңында жүреді. Бұлардың отырған жерінен қиыстау «Телібайдың тораңғысы» деген жерде Дулатбектің немере ағасы Бөрібек ақсақал саулық қоймен өзіне берілген қыстауда отыр. Немере ағасына сәлем беру үшін сол күні қойды ұзатпай, үй төңірегіне бағуды Дәмеліге тапсырды. Өзі атына қонды. Түс әлетінде бір құшақ аязды ала-мала жер үйдің есігін ашып, «Ассалаумағаликум» деп сәлем бере кіріп барғанында, ағасы да үйде екен, інісін жылы шыраймен қарсы алды. Мыңтеңге жеңгесі дастарқан жайып, ас-суын қамдады. Қазанға тамақ та салып қойды. Қазандағы тамақ та даяр болып, түсірілген қазы-қарта мен жалжая дастарқанға қойылды. Жылқының семіз, жұмсақ еті үшеуінің бетіне қан жүгіртті. Дулатбек күн жарықта үйіне жетуі керек. Сол үшін әңгімені доғарып, ағасынан қайтуға рұқсат сұрады. Ағасы бұйымтайын сұрады.

- Бұйымтай сол, сізге сәлем беру үшін келдім, - деді Дулатбек. Оған ағасы алғысын жаудырды. Мыңтеңге де «Дәмеліге сәлем айт» деп жалпылдап жатыр. Киімін киіп, есікке беттей бергенінде, Дулатбектің көзі босаға жақта бауырын енді ғана көтере бастаған, аяғын апыл-тапыл басып жүрген бірінен-бірі аумайтын екі күшікке түсті. Бағанадан бері бұйығып, ұйықтап жатса керек. Енді тамақ іздеп, томпақ қағып, жан-жағын тіміскілеп жүр. «Осы күшіктің біреуін сұрайын?» - деген ой Дулатбектің санасына сап ете түсті.

- Мына бір күшіктеріңіз бар екен. Соның біреуін маған берсеңіздер қайтеді? - деді Дулатбек. Сонда Бөрібек ақсақал:

- Бұл Асылбектің үйіндегі сұр қаншықтың балалары ғой. Жақында күшіктеген, ел талап алып кетті. Мен осы екі еркек күшікті біріне-бірі сеп болсын деп, алып келдім. Енесі жалғанда сақ. Мүмкін өсе келе бұлар да енесіне тартып сақ болатын шығар, қалап, көңілің кетіп тұрса, біреуін ала ғой, - деді. Сол-ақ екен Дулатбек күшіктің біреуін таңдамастан жерден іліп алды да, қойнына салды. Жеңгесі Мыңтеңгеге қайыр қош айтты. Ағасы ілесіп жүріп, қолтығынан демеп, атына мінгізіп, жолға салды.

Дулатбек сары бауыр аттың екпінді аянымен үйіне күн жарықта-ақ жетті. Дәмелі «ұзатпай жарысың» деген тапсырмасын орындаған. Дулатбек қойындағы күшігін Дәмеліге берді де, үйге қайтарды.

- Күн еңкейгенше малға мен ие болайын. Сен күшікке орын дайындап, қосты жылытып қой, - деді Дулатбек.

Дәмелі қостың босаға жағынан күшікке орын дайындады. Сырттан отын әкеп, от жақты. Сексеуілдің қызуы қоя ма, қостың іші әп-сәтте жылып сала берді.

Күн ұясына кіре Дулатбек қойды қотаңға алып келді. Қойлар мағазсып тұрды да, жас құмалақтың үстіне бірінен кейін бірі төңкеріле жата бастады.

Дулатбек кешкі малды жайлап болып, қосқа кірді. Үй іші әжептәуір жылы екен. Сыртта тонын шешіп, жалбағай ғана иығына жауып, жеңілденіп отырып, Дәмелі екеуі кешкі астарын ішті. Сол кеште Дулатбек ағасының қалай қарсы алғанын, жер үйінің жылы екенін, қорасының бүтіндігін, пысық көмекшісі барын, жағдайлары жақсы, сәлем айтқанын - бәрін айтып жеткізді. Ең олжасы ана бір жас күшікті сұрап алғаны болды. Ағасы мұның меселін қайтармай, күшікті бергені Дулатбекті жерден жеті қоян тапқандай қуанышқа бөледі. Күшіктің уақытша жасалған орнын Дулатбек мұқият қарап шықты. Кем-кетігін түзеп қойды. Дулатбек:

- А, Дәмелі, осы күшік құт аяқ болайын деп тұр ғой деймін. Бөрте ешкінің сүті лақты да, күшікті де азықтандыруға жарайды. Тіпті шайды да қатықсыз ішпейтін болды. Ырыздысыз емес екен. Құдай жарылқады ғой. Осы күшіктің атын



«Құтаяқ» қойсақ қайтеді, - деді. - Құтаяқ деген ат жақсы. Қойсақ қоялық, - деді Дәмелі.

Сол күннен бастап күшіктің аты - Құтаяқ болды. Құтаяқ пен бөрте лақ қатар өсіп келеді. Күннен күнге ширап, бұрынғыдай емес қимылдарында бір өзгешеліктің бары байқалады. Жас уызға тойған лақтың әрекеті басқа. Секіріп, ойнап шунақ қағады. Ал, күшік болса ананы-мынаны иіскеп, аяғымен тартып, тістелеп, басын шайқап жұпқылап әлек. Аузындағы жас тістері ұстарайдай өткір, аяғының тырнақтары ұстаған жерін сызып түсіреді. Ол да бір ауық бөрте ешкінің сүтімен қоректенеді. Бөрте ешкі лағын мелмендей ғып тойдырады. Артық сүтін Дәмелі сауып алады. Артылғанын күшікке береді. Қалғанын шайларына қатады. Сөйтіп, бөрте ешкі бір үйлі жанды асырауға жарады.

Күндер кезегімен өтіп жатты. Көктем де келді. Құтаяқ пен бөрте лақ бұрынғысынан гөрі толысып есейді. Екеуі бір-біріне үйір. Бірге ойнайды. Бірге жүреді. Бірі-бірін іздейді. Бөрте лақ енесіне жүргенде, Құтаяқ та артынан жүгіреді. Бөрте ешкі екі көзі алайып, сүзбекші боп күшікке тап-тап бергенде, онысынан ықпай, бөрте лақты күтіп, шоқып бір орнында отырады. Лақ енесін еміп болғаннан кейін, күшік екеуі асыр сап ойнайды. Бірін-бірі қуады. Ерте көктемде қойшылар көктеуге жылжиды. Сол көштің ішінде бойдақ қой бағатын Дулатбектің де көші бар. Төлдейтін мал болмаса да ертерек суы мол, өрісі кең жерге барып орнығуы керек. Бұлардың жүгі аз. Сары атан өздеріне үйреншікті. Жылда жүк артып жүрген келігі. Көшерде ғана Қанайда отырған Орысбай түйешіден алып келеді. Сары атан үстіндегі жүкті ауырсынбай, еркін жүреді. Құтаяқ сабалақ итпен бірге қой соңына ілесуді үйренді. Ол Дулатбектің қасында қоймен бірге келеді. Бөрте лақ қой ішінде енесімен бірге. Дулатбек қонатын жерге дейін қойды еркін жайып апаратын. Бүгінде сол қойларды бабымен жаюда. Қойшылардың көктеуі - Тұмабай мен Науатоғанның төңірегі. Сол жерлерге барып жағалай қонып, мал төлдетеді. Ал, бойдақ қой төлдейтін мал болмағандықтан, өзі қалаған жеріне барып отырады. Дулатбек Тұмабайдың арғы тұсындағы үлкен қара көлдің тұсына әкеп қосын тікті. Ар жағы ашық, кең өріс. Бергі жағы нулы, сулы жер. Осы арада көктемнің балауса уыз шөбіне қойларды біраз азықтандырып алмақ. Өріс қашықтап, тықырлана бастағанда, басқа жерге қоныс аударады. Осылай өрісті жаңарту арқылы қойларды көктемнің жұмсақ, майда шөбіне шөлдендіреді. Өзі айтып отыратын «көктемде шөлденген мал, қысқа бой бермейді» деп. Қой бағудың осындай қыр-сырын жақсы біледі. Дулатбек малға көктемнің бал-шырынын тойғанынша жегізеді. Баққан малының қонды, күйлі болатыны содан. Құнан, денен қойларды етке өткізгенде орта есеппен бір қойдың салмағы жетпіс килограмм тартады. Басшылар риза болғанымен, Дулатбек сый

ақысын алып көрген емес. Оны сұрамайды да.

Қойды қырықтырып, тоғытудан өткізіп жайлауға көшу қамымен Дулатбек Бұрған деп аталатын жерге кеп қонды. Қасында ертеректе өткен Күміс деген кісінің мүжіліп құлап, ақ тақырға айналған зиратының орны бар. Анау көрінген Құшманның зиратына дейін мол сулы, кең өріс. Жайлауға шығар алдында Дулатбек әдейі осы жерді таңдаған.

Жақында жайлауға көшеміз деп

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

Отырғанда, аяғы ауыр Дәмелі аяқ асты толғатты. Аудан орталығы қашық, ауылда бала туғызып алатын акушер жоқ. Көрші отырған малшылардың әйелдеріне хабар беріп, солар қос ішіне арқан керіп, әйелді соған сүйемелдеп тұрғызып, «түсті ме, түсті ме» деп жүріп, аман-есен босандырып алды. Түкібиден он бес жас кіші бір ұл өмірге келді. Анау-мынау ырымдар жасалды. Елдің алды жайлауға көше бастады. Жас босанған әйелді атқа мінгізіп, түйе жетектету оңайға соқпайды. Бұл кезде Түкіби де жазғы демалысқа шыққан. Дулатбек отбасын машинамен көшіретін болғандықтан қасына Тұлғабайдың Мұратбегін көмекшілікке алып, екі күн бұрын қойларды жайлауға айдап кетті. Дулатбек күшік Құтаяқты қоймен ертпей, «жолай ашығып қалады, өзін ие бол» деп Түкібиге тапсырып, тастап кетті. Біраз күннен бері Құтаяқ Түкібиге де үйір боп, бауыр басып қалды. Үйіне жетпеген күшікті Түкіби де еркелетіп, басынан сипап, мойнынан құшақтап, өзіне икемдеп алған. Аз күн болса да Түкібидің соңынан қалмайды. Құтаяқты тамақтандыратын да Түкіби. Анау сабалақ иттей емес, тамаққа өздігінен жүгірмейді. Қашан құйып болғанынша тосып тұрады. Сенің көзіңше де ішпейді. Сен үйге кіріп кеткеннен кейін барып іше бастайды. Мұндай кірпіяз, текті итті таппассың. Бес айлық күшік әлі бала сияқты асыр салып ойнайды. Бойынан әлі бала мінезі кетпеген. Бірақ, жат дыбысты сезгіш. Кәдімгідей үреді. Өзі сақ неме бола ма? Әр нәрсеге құлағын түріп, елендеп тұрады. Атты кісі келе жатса, алдынан шығып, шабалаңдап үреді. Жаяуға да дыбыс шығарады. Бірақ, оған қарсы жүгірмейді. Бос мал көрсе оны тырқыратып қуады.

Жайлауға көшіруге орталықтан машина да келді. Бұларға таныс емес шопыр: «Үйді жығыңдар. Мен көшіріп апаратын болдым», - деген соң, үйді жығып, барлығын буып-түйіп, рет-ретімен жүкті машинаға тиедік. Күн ыстық шопырдың кезде жағы жалаңаш. Денесінің ер жері май. Жаңа босанған Дәмелі жас нәрестесін алып кабинаға отырды. Түкіби Құтаяқты алып жүктің арасынан орын алды. Біраз жүргеннен кейін Құтаяқ Түкібидің қолынан сытылып шығып, жерге секіріп түсті. Жүріп келе жатқан машинаның артынан қалмай, дедектеп жүгірді. Машина тоқтар емес. Құтаяқтың тілі салақтап, машинаның шаңына көміліп, артта қала берді. Түкіби машинаның кабинасының төбесін қақты. Машина тоқтады. Шопыр: - Неге тоқтаттың? - деді зілденіп. Түкіби күшігінің машинадан секіріп түсіп қалғанын жеткізді. Шопыр: - Айдалада ит қуып жүреміз бе? Ие болмаған өзінен көр! - деп тоспады. Құтаяқтан айырылып қалған Түкіби Ақсу бекетіне жеткенше қатты жабығып, уайымдап отырды. Сондағы бір ағайынның үйінің алдына машина келіп тоқтады. Бұл үй - анасына таныс үй. Олар жік-жапар болып, самауырға шай қайнатып, дастарқан жайып, ас-суын жақсы ықыласпен берді. Бұлар шөлдерін басып далаға шықса,

Құтаяқ тұр. Қайдан сап ете түскені белгісіз. Түкібиге қарғып, секіріп, ұстайын десе бұлқынып, ұстатпай әрі-бері қашып әуре қылды. Шолақ құйрығын шұнтитып, құлағын құнтитып анадай жерге барып тұра қалады. Қарақұлақтана бастаған кезден-ақ Дулатбек екі құлағының ұшын кескен, кейін құйрығында кесіп тастады. Құлағының құнтияп, құйрығының шұнтияп тұратыны сондықтан. Екі езуінен көбік ағып, тілі салақтап кеткен. Жиырма шақырымнан астам жер күшік итке оңай ма? Екі бүйірі солқылдап тұр. Шопыр оған қарасын ба? Кеттікке салды. Машина ілгері жылжыды. Құтаяқ машинаның соңынан қалмай жүгірді. Ақсу бекетінен шыға берістегі тас жолға дейін ілесіп келді. Одан қарасы бірте-бірте көрінбей үзілді. Тоқтамай зырлаған машина Тасбекеттің тас көшесін жарып өтіп, Қарала көпірдің сайына кірді. Арасанның тұсындағы Ащыбұлақ деп аталатын жерге келген соң, сол жерге аз кідіріс жасады. Түкібидің ойында - Құтаяқ. «Байқұс күшік қай жерде қалды екен? Енді ол маған жоқ қой», - деп мазаланып, түңілгендей де болады. «Күшіктің бізді табуы қиынға соғар. Бұрын жүріп өткен жолы емес. Жас күшік қайдан білсін бұл жақты? Береуге қолды бола ма? Аштан бұралып өлер менемесе адасып ит-құсқа жем бола ма, кім білсін?» - деген Түкібиді ой билеп келеді. Машина Маңлайды басып, Көпірліге жетіп, Салқынбелдің жазығына түсіп, ақиланған Ақсудың қия жолдарын басып өтіп, Қызылқияға келіп тоқтады. Одан ары түйемен баруға болады. Машинадағы жүк Қызылқияға (Жапар сайы деп те атайды) түсірілді. Машина қайтып кетті. Бір күн түнеп, ертеңінде жүктерді түйеге артып, Батпақбұлақ деген жайлауға барып тоқтадық. Бұл жайлауды Дулатбектің өзі таңдаған. Ол бұл жақтағы Көкөтеп, Көкжамбас, Қоянқөз, Өтеншет, Кішіайдау - жайлаудың барлығын адақтап шыққан. Бәрі - малдың қамы еді. Батпақбұлаққа қараша қостың орын тепкеніне төрт күннің жүзі толды. Құтаяқ жоқ. Бұлардың күндегі әңгімесі - Құтаяқ. Түкіби кешкісін төсекке жатқанында Құтаяқты ойлайды. Төсекте ұзақ жатып, көзі зорға ілінеді. Құтаяқты түсінде де көреді. Оянады. Құтаяқ жоқ. Енді қайтпек? Осындай шым-шытырық ойдың түйіні шешілмей тұрған күндердің бірінде, осы қонысқа келгендеріне алтыншы күн өтіп, жетінші күннің тура шаңқай түсі болған кезінде, түскі асты ішіп отырғанда, есіктен «ап» деп Құтаяқ кіріп келді. Кіріп келді де, жердегі жаймақ дастарханның үстіне кіші дәретін жіберіп қойды. Күшіктің бұл ісін жақсылыққа балап, Дәмелі анам: - Құтаяқ - құт әкелді, - деді. Мұндайды күтпеген, қаннен қаперсіз отырған Түкібиге еркелеймін деп Құтаяқ дастарханның әптер-тәптерін шығарды. Кеседегі шай төгіліп, ішілмеген тамақ пен нан шашылды. Оған қарап жатқан Құтаяқ жоқ. «Сендер қайда кеттіңдер, мені тастап? Мен сендерді тауып келдім», - деген сынайлы қуаныш аралас реніш жатқандай. Құмарын баса алмай, Түкібидің ана жағына бір, мына жағына бір шығып, мауқын басар емес. Түкіби оған пейіл. Не қылса да көтереді. Келгеніне қуануда. Түкіби: «Япырмай, кішкентай күшік бұл жерді қалай тауып келді екен. Ой, қой, ойламай-ақ қояйың, күшігім табылды ғой», - деп өзін-өзі жұбатты. Сол күн Құтаяқ пен Түкіби үшін ең бақытты күн болды. Бірақ, күшіктің бұл жерді қалай тауып келгені жұмбақ. Мен сендерді «осылай да осылай тауып келдім» деп айтатын Құтаяқ тіл жоқ. Оның көрген бейнеті мен азабы, қорқынышы мен үрейі, аштығы мен ада-суы - бәрі де өзінің ішінде. Ішіндегісін болжау қиынның-қиыны. «Мен солай ашықтым, солай адастым, солай бейнет пен азап көрдім» деп Құтаяқ айтып бере алмайды. Не деген жаратылысы бөлек текті ит. Күшік болса да өзі бұрын танып, біліп көрмеген жерді тауып келу - ерлікке тән. Қанша күйзеліске түсті, ашықты, шөл қысты, үрейленді, үрікті - бәріне шыдады. Шыдап, мөжелі жерді тауып келді.

Құтаяқ өсе келе керемет ит болды. Қорадан бірде-бір қойды ит-құсқа жегізбеді. Жалғыз өзі-ақ қораға түскен қасқырмен арпалысып, айқасып, жеңіп шығатын еді. Кейде қасқырды қорадан қуып шығатын. Одан соң, ол қасқыр қайтып қотанға із салмайтын. Малға бір бөлек, адамға бір бөлек, ит-құсқа бір бөлек дыбыспен үретуғын. Қузелтші ұйықтап қалып, қойлар масалап немесе желдеп ғығып кетсе, қузелтші аяғымен түрттіп оятатын. Қойдың қалай еріп кеткендігін «ап-ап» деп үріп, тұмсығымен нұсқалап, малдың өрген жағына ишарат қылатуғын. Түрлі қауіптерден малды есен алып қалып жүрді. Ондай ақылды ит сол кезде некен-саяқ болды. «Жақсы ит иесін жауға бермейді» деген тәмсіл сөз - Құтаяқ сияқты иттерді бағалаудан туған болар.

РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

## ҚУАТ ТЕРІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ!

А.С.Пушкиннің «Татьяна – Онегин» дастанынан үзінділер айтты. «Татьянаның Онегинге жазған хаты», - деп Абай шығарған әнмен өте нақышына келтіріп, баяулатып бастай жөнелді.

«Амал жоқ қайттым білдірмей,  
Япыр – ау қайтіп айтамын.  
Қоймады дертің күйдірмей,  
Не салса да тартамын.  
Талапсыз, бақсыз мен сорлы,  
Еріксіз аттап ұяттан.

қоңыр дауысымен Абай шығарған әнімен айтты. Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін өркендетуге үлкен үлес қосқан ғалым – жазушымыз М.Әуезов Қуат ақынға ден риза болып, нағыз «Тұйғын ақын» деген екен.

Ақын өлеңдері тақырыбы жағынан сан алуан. Жаңа заман ағысына бірден ілесіп, Советтік жаңа заманның әрбір сәтті қадамына қуана үн қосып отырған ақын Октябрь революциясы, партия, колхоз құрылысы, Ұлы

АЙТЫСТЫҢ АТШАЛ  
ЖҮЙІРІГІ

Қорлыққа көндім соғұрлы,  
Байқалар халім бұл хаттан,- деп  
Татьянаның зар – мұңын тебірене айтты.  
Бұдан кейін дастанды менің жездем Арын  
гармонмен айтты. Арын Мұхамеджанов Қуат  
аға Сарқанда болысқоның төрағасы болып  
тұрғанда сол кісіні жағалап, ұстаз тұтқан.  
Сөйтіп, «Татьяна – Онегин» дастан өнін Қуат  
ағадан үйренеді. Бұдан кейін «Дудар – ай»  
өнінің Жетісу жеріне таралуы жайында, ақын  
Майраның Ақсуда болуы, онымен танысуы  
жөнінде өңгіме қозғады.

1909 жылы Ақсу ауданындағы Қарағаш  
деген жерде мектеп ашылады. Қарағаш  
жері Маман деген өте ауқатты бай адамның  
мекені болған. Маманның балалары  
Қарағашта сегізжылдық медресе аштырған.  
Бұл мектепті «Мамания мектебі» деп атаған.  
Мұғалімдерді хат арқылы Қазан, Уфа, Орын-  
бор, Омбы сияқты қалалардан алдырған.  
Сол алғашқы мұғалімдердің бірі – Омбы  
жақтан өз жұбайымен келген Сейіткерей  
деген жігіт, ұлты башқұрт. Сейіткерейдің  
зайыбы – Керекудің атақты әншісі Майра  
Уәлиқызы екен. Бұлар келісімен ауыл адам-  
дарымен еркін араласып кетеді. Майра өте  
кішіпейіл, ешкімді жатынбайтын жан екен.  
Өзінің әншілік өнерімен ел сүйіспеншілігіне  
бөленіпті.

Ақсулықтар Майра аузынан Мариям  
Жағорқызы, Рекинаның «Дудар – ай» өнін  
естіді. Онер қуған жастар бұл әнді үйреніп  
алып, ел арасына кеңінен таратады. Соның  
бірі – Қуат аға еді. Майрадан «Дудар – ай»  
және Майраның «Майра» атты әндерін  
үйреніп алады. Бұл күнгі кеште Әсет ақын,  
Майра жайлы көп әңгімелер айтылды.

-Нағыз ел қадірлісі ақын да, әнші де  
осылар,-деп өте жоғары бағалап отырды.  
Ертеңінде ауыл адамдары түгелдей Қуат  
ағаның үйінде болды. Ерсілі – қарсылы үш  
бөлмелі үйлері бар екен. Төсек – орындары  
жұпыны, бірақ едені жер болса да өте таза  
екен. Жас әйелдер бірнеше самауырын-  
дарды қойып, қазанға сойылған қойдың етін  
етін асып жатыр. Мен бала болсам да қонақ  
болғандықтан анам қасынан орын алдым.  
Бүгінде өңгіме – дүкен құрылды.

- Жеңеше, былтыр Ілияс пен Ғалидың  
шақыруымен Алматыға барып қайттым.  
Ондағы бірнеше ақындардың көңілдерінен  
шықты. Өлеңді қалай айту керектігі жайлы  
түсініктер берді. Аманшылық болса, келесі  
жылы тағы шақырады. Бәйгеден сүрінбей  
өтсем жаман болмас еді,-деді.

Ата – бабаның аруағы қолдасын. Бұдан  
да абыроймен оралсаңыз, Мына өнерің та-  
лай асқар асулардан бөгетсіз асыратыны  
сөзсіз. Оған сенім мол,-деп отырған көпшілік  
өздерінің игі тілектерін білдіріп жатты. Бұл  
күні де өн тұн ортасы ауғанша толтастама-  
ды. Бұл 1935 жылдың шілде айы еді. Қуат  
аға 1936 жылы республикалық ақындар ай-  
тысына қатысып, алдыңғы қатарлы жүлдеге  
және «Халық ақыны» деген атаққа ие бо-  
лып қайтады. Бұл ақындар айтысында өз  
өлеңдерімен бірге А.С.Пушкиннің «Татьяна –  
Онегин» дастанынан үзінділерді өзінің

Отан соғысы тағы басқа тақырыптарға қалам  
таратты. Республиканың халық ақыны, ССРО  
Жазушылар Одағының мүшесі атанған Қуат  
ақын 1942 – 48 жылдар аралығында әрі ақын,  
әрі насихатты, әрі әнші ретінде өз ауданын-  
да үлкен табыспен қызмет етеді. Сол кездегі  
Ақсу колхоз – совхоз театрының құрамында  
ел аралап, колхоз құрылысын, мәдениетті  
өркендетуге көп үлес қосады. 1946 жылы  
Семей, Павлодар облыстарын аралап,  
Жамбылдың 100 жылдық тойына қатысады.

Қуат Терібаев – айтыскер ақын. Алғаш  
ойын – тойларда қыз – келіншектермен ай-  
тыса жүріп, ол 1945 жылы жерлесі Қалқа  
Жапсарбаевпен, 1946 жылы семейлік  
Төлеу Қабдіковпен, 1947 жылы жамбылдық  
Жақсыбай Жантөбетовпен үлкен жыр  
жарыстарына түскен. Өзінің осындай  
арқалы дарынды ақындармен айтысқанын  
мақтанышпен айтатын. Айтысқан ақындарын  
өте жоғары бағалап отыратын. Аға  
қарсылас ақындармен айтыспас бұрын  
өзінің ауданының жетістігі мен кемшілігін,  
қарсыласының да ауданы мен ауылының  
жетістігі мен кемшілігін терең біліп алады  
екен. Өзінің Жақсыбай Жантөбетовпен ай-  
тысына былай деп тоқталады: - Жақсыбай  
айтыс өнеріне менен артық болмаса кем  
емес екен. Мен алдын ала қағаз бетіне  
түсіріп алғандықтан айтыс соңында сөз  
қайта берілгенде, іркілмей жыр нәсерін төзіп  
– төгіп жібердім, ол ойын жинақтай алма-  
ды, сол себепті мен жеңіп шыға келдім,-деп  
қарсыласының да өнерін өзінен жоғары са-  
найтын асыл қасиеттің бірі еді.

Ақын аға өте жомарт жан еді. Колхоз –  
совхоз театрының құрамында ел аралап  
жүргенде кешке клубта концерт беріп,  
соңынан жатқан үйлерінде өлең айтып, ән  
салатын. Үй иелері өнеріне риза болып,  
астық, ақшадай сыйлықтар берсе, өзі алмай  
қасындағы жолдастарына немесе сол үйде  
отырған адамдарға беріп кететін. - Неге  
өзіңіз алмайсыз,-дегенде «Ер азығы мен бөрі  
азығы жолда»,-деген деп үлестіріп беретін.  
Біз халық үшін қызмет етіп жүрген адамдар-  
мыз ғой. Халықтан аламыз, халыққа береміз.  
Бұл өмірдің заңы ғой, қарақтарым,-дейтін еді.  
Қуат аға – дарынды әнші адам. Өзінің «Ай  
маңдай, жай қандай» өнін Ілияс ауылының  
қыздарымен айтысқанда шығарған өнім еді,-  
дейтін.

Аға творчествосының тағы бір қыры –  
оның дастандары. Ақын Абай өлеңдері мен  
дәстүріне деген беріктігінен дастан жанры-  
нан да ауытқымаған. Оған мысал «Айжан –  
Жанша», «Күнсағила» дастандары. Қуат  
ағаның өз өмірінен алып жазған «Күнсағила»  
атты поэмасын 1991 жылы қаңтар айының  
30-ы бастап «Жерұйық» газетінде басы-  
лып шықты. Дастанның негізгі көтерген  
мәселелері әйелдің бас бостандығы мен  
әлеуметтік теңсіздік. Ақын аға бұл дастанын-  
да өзінің және сүйген қызы Күнсағиланың  
бастарынан өткен аянышты жағдайларды  
революциядан бұрынғы қазақ даласындағы  
әлеуметтік теңсіздіктердің бір көрінісі ретінде  
сипаттайды. Өмірдің шынайы әрі нанымды

баяндалатыны соншалық – оқиғаға бірге  
араласқандай, арманына жете алмаған  
бақытсыз, кінәсіз екі жастың тағдырына  
қатты жаның ашиды. Бай қызы Күнсағила, ке-  
дей жігіт Қуат екеуі бір – біріне ғашық болып,  
дегеніне жетудің орнына адал махаббаттың  
азабын тартады. Азулы байлардың,  
молдалардың яғни, ескіліктің салтынан асыл  
жандар азап шегеді. Қиындықтан қашпайды,  
қасқая қарсы тұрады. Бірақ дегеніне жете  
алмайды. Оған кінәлі екі жас емес, заманы  
еді.

Ақынның «Күнсағила» атты поэмасының  
композициялық құрылысы, тілі жағынан алып  
қарағанда алдыңғы қатарлы туындылардың  
бірі болып саналады. Қуат пен Күнсағиланың  
тағдырымен таныссақ, төмендегідей:  
Емелелі деген ел екі атаға бөлінеді. Ырыс-  
бай, Көбетай. Көбетайдың өзі Жақсылық,  
Сары болып екіге бөлінеді. Еркімбек мол-  
да, Қуат аға, біз Жақсылықтан тараймыз,  
ал Күнсағила Сарыдан шыққан. Көбетайдан  
тараған ауылдар қыз алыспайды екен. Сол  
кездегі салт бойынша заңды бұзған Қуат пен  
Күнсағила болып шыға келеді. Өйткені, Қуат  
Күнсағиланы алып қашып, құмдағы нағашы  
еліне барып паналайды. Мұнда бір жарым  
жылдай уақыт ішінде нәрестелі болады, қыз  
бала дүниеге келеді. Олардың қайда пана-  
лап жүргенін білген соң, қыз атасы Жаншара  
ауылдың молдасы Еркінбекке жүгінеді. Мол-  
да бұлардың некесі заңсыз деп, көп кісімен  
барып алып қайтады. Қуатты өз туыстары-  
на тапсырып, Күнсағиланы байлап – матап  
Мұқаш деген дегенге зорлықпен қосады.  
Баласын алып қалады. Бала көп кешікпей  
ауырып, шетінейді. Қуатты ағалары ұрып –  
соғып қол – аяғына кісен салып ұстайды.

Қуат аға туыстарына өкпелеп, ауыл-  
дан кетіп қалады. Күнсағиланы күйеуі ұра  
бергндіктен ауруға шалдығады. Кейін сол  
ауылдағы Қожахмет деген кісіге тұрмысқа  
шығыпты. Қожахмет менің өкемінің кіші  
әйелінің бауыры еді. Күнсағила апамызды  
сол уақытта көрдім. Үндемейтін сымбатты  
әйел екен, ажарлы, көрікті, әдемі екендігі  
байқалып тұратын. Еркімбек молда маған  
жақын, өкемінің немере ағасы. Бір күні Қуат  
аға ойнап жүрген Еркінбектің Мархаба деген  
қыз баласынан «Еркінбекке қарғы» деген  
өлеңін беріп жібереді. Бір жеті өткен соң  
әлгі қыз бала қайтыс болады. Шаймерден  
деген баласы Қытай асып бара жатқанда  
оққа ұшады. Мал мүлкінен айырылып, бала-  
лары қайтыс болып, келіндері жесір қалады.  
Қарғыста айтылған сөздің бәрі келеді. Туған  
елден жырақта жүріп, бала – шағасынан  
айырылып, жылаумен күн өтіп жүргенде 60  
жасқа келгенде бір ұл туады. Атын Алпыс-  
бай қойды. 1956 жылы Қытай жерінен елге  
оралады. Ауылға келісімен Қуат ағаның  
үйіне барып, құран оқып, ертеңіне қабірінің  
басына барып қайтты. Қазір Алпысбайдың  
он баласы бар, ауылда тұрады. Рабиға  
жеңгеміз қайтыс болған соң, Қуат аға  
Қулипан деген кісіге үйленді. Бұл кісі бала-  
ларына өз анасындай қарады. Ал, балала-  
ры да анасын жақсы сыйлады. Ортаншы  
баласы Жармұхаметтің қасында 1983 жылы  
қайтыс болды.

Қуат аға өлеңдерінің жаңашылдық  
сипатының бір саласы – оның табиғат лири-  
касы. Оның «Алатау», «Ақсу», «Жетісу» атты  
өлеңдерінде табиғатты былай суреттейді:  
Жоңғардың мұз кетпейді құздарынан,  
Аяздың өңі қашып ызғарынан.  
Жаз жарқырап, күн нұры түскеннен соң,  
Балдан тәтті су ақты мұз қарынан.  
Даланың неше түрлі шашақтары,  
Торғындай иығына қыз жамылған.

Ақын елімізде болып жатқан оқиғаларға  
үн қосып отырды. 1957 жылы «Өмір жыры»  
деген өлеңдер жинағы, сонан кейін ғалым  
Анарбай Бұлдыбаевтың басшылығымен  
1986 жылы «Ағынды Ақсу» өлеңдер жинағы,  
1991 жылы жүз жылдық тойына орай «Көк –  
Өзек» өлеңдер жинағы шықты.

Ақын аға 1952 жылы туған ауылында  
қайтыс болды. Ауыл, аудан болып аяулы аза-  
матты арулап қойды. Аға атында Көк – Өзек  
ауылында орта мектеп бар, алдында мрамор-  
дан бюст қойылды. Ағаның 100 жылдық,  
125 жылдық мерейтойлары өз дәрежесінде  
аталып өтті. Биыл Қуат Терібаевтың 130  
жылдық мерейтойына дайындық жыл басы-  
нан басталып кетті. Аудан, облыс бойынша  
ұйымшылдықпен өтетініне сенім мол.

Қорыта келгенде Қуат аға – қазақ Совет  
поэзиясында өзіндік орны бар, сөзге шешен,  
тілге бай «Тұйғын» ақын.

С.ҚУАТБАЕВА.

Мінекі 130 келіпсіз ақын аға,  
Жерлесім, туысқаным жақын аға.  
Газеттен дастаныңды оқып болып,  
Қолыма қалам алдым іле – шала.  
Жазайын аға жайлы азырақ сөз,  
Айтатын кейбір жанды келіпті кез.  
Талмай – тынбай ізденген өнер жолын,  
Сондықтан да жайылды атағы тез.  
Өлеңге ағып жатқан бұлақ едің,  
Халқыңа өнеріңмен ұнап едің.  
Ән – жырды өлеңменен ту ғып ұстап,  
Намысын туған елдің қорғап едің.  
Ағашым, асқар тауым биік қорған,  
Сүрінбей талай өттің айтыс жырдан.  
Тілі өткір, сөзге шебер ақын болып,  
Төгілтің жыр нәсерін асыл ойдан.  
Халқыңның еркелеткен ардағы едің,  
Сұлу сөз, қызыл тілдің аруағы едің.  
Айтыстың жарысынан талай озған,  
Жетісудың айтулы саңлағы едің.  
Жерлес ақын ағамыз Қуат Терібаев  
жайлы өзім білетін кейбір жағдайларға  
тоқталайын. Қуат ақын Ақсу ауданындағы  
Чапаев атындағы колхоздың Шадай деген  
бөлімшесінде (бұрын Шадай жеке колхоз  
болған) дүниеге келген. Әкесі жастай өліп,  
анасының тәрбиесінде өскен. Анасы Қуатты  
ауылдағы Өткелбай деген молдаға оқуға  
береді. 11 – 12 жасында ескіше жақсы сауат  
алып шығады.

Қуат жас кезінен – ақ ән – жырға әуес бо-  
лып, той – думандарда көзге түсе бастаған.  
Ақынның ақындық жолға ерте ден қоюына  
себеп болған жағдай біріншіден анасының  
әншілігі. Екіншіден, інісі Жүзбай (Отан  
соғысынан оралмады) нағашысы Тайкөт  
ақын адамдар болған. Міне, осылардың  
әсерінен өнер жолына жастай таппынып,  
халық ауыз әдебиетінің небір асылдары-  
мен сусындайды. Нағашысы ақынға «Қыз –  
Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»,  
«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» тағы  
басқа жырларды жаттатықсыз жырлауға бау-  
лиды. Той – думандарда айттыса қатысады.  
Дауысы зор болады. Өнер жолына біржола  
беріледі, бірақ жоқшылық ақын мойнына  
жалшылық қамытын салып, Қапалдағы Ша-  
яхмет деген татар байының алып келеді.  
Мұнда да өлеңін, өнін тастамайды, ауыр  
еңбек ете жүріп, орыс тілін үйренеді, ескіше  
сауатын тереңдетеді. Көп ұзамай анасы  
қайтыс болған соң, ағаларының қолына  
келеді.

1911 жылы Сарқанда ойламаған жерден  
Әсет Найманбаевпен кездеседі. Әсеттің  
өні, өлеңдері жас ақынға ой салып, көзін  
ашқандай болады. Әсеттің қасында жүріп  
Абай аударған Александр Сергеевич  
Пушкиннің «Татьяна – Онегин» дастанынан  
8 өлеңді Абай шығарған өнімен үйреніп ала-  
ды. Абайдың «Айттым сәлем Қаламқас»,  
«Көзімнің қарасы» тағы басқа әндерін  
нақышына келтіріп, айтатын болады.  
Ақынның Әсеттің қасында болуы келешегіне  
зор ықпал етеді. Абай шығармаларымен та-  
нысып, Абайды ұстаз тұтады.

Ақынның ағайын – туыстары сүйген қызы  
Күнсағиладан айырып, ұрып – соғып, аяғына  
кісен салып, қорлық көрсеткен соң, ауылдан  
кетіп, Сарқанда тұрып қалады. Орыс тілін  
білуінің арқасында 1918 жылдан бастап,  
революциялық жұмысқа араласады. Қызыл –  
Армияға көмектесіп, бай – кулақтарға қарсы  
күреске шығады. Жетісуда Совет өкіметі ор-  
насымен Сарқан қаласының ревкомының  
мүшесі, болысқом болып қызмет атқарады.  
Балалардың анасы Рабиғаға үйленіп, 1934  
жылы елге оралады.

Мен алғаш Қуат ағаны 1935 жылы көріп,  
сонан өмірінің соңғы кезіне дейін арала-  
сып тұрдым. Мен жазғы каникулда шешем  
екеуміз сол «Шадай» колхозында тұратын  
туған апа – жездемнің үйіне қонаққа бардық.  
Ел жаңадан есін жинап, ақ нанға ауыздары  
еркін тиген кез еді. Кешкісін менің анама  
сәлем беруге ағайын – туысқандарымыз  
түгел келеді. Қуат аға да бәйбішесімен  
келеді. Мемің аманам Қуат ағаға ерекше  
құрметпен аңдасып:

- Ой, ақын қайным, көргеніме қатты қуанып  
тұрмын. Алматыға барып келді деп естідім,  
қуанышың күтті болсын, баянды болсын.  
Сен нағыз көк жал адамсың, біздің елдің  
нағыз мақтанышысың,-деп сөзін бітірді.

- Рахмет жеңеше, Сіз мені ер уақытта  
дұрыс түсіндіңіз, бағалайда білдіңіз, Сізге  
өмір бойы қарыздармын ғой,-деп сөзін  
ері қарай жалғастырды. – Міне, жеңеше,  
Күнсағиладан кейінгі келініңіз Рабиға, үш ба-  
ламыз бар,-деді.

Бұл күні бір тоқты сойылып, ауыл адам-  
дары Қуат ағаның өнерін тамашала-  
ды. Ел сұрауы бойынша Абай аударған

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰРПАҚТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ



Рухани жаңғыру Қазақстанды жаңа бір белестерге жетелейді. Рухани жаңғырудың мақсаты – елімізде ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы көтеру, ата-бабаларымыздан мұра болып қалған рухани құндылықтарды жоғалтпау. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Сондықтан заманға сәйкес жаңғыру міндеті баршамыздың алдымызда тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Қорыта айтқанда, рухани жаңғыру – еліміздің дамуының жаңа бір белесі және ол еліміздің болашағы жастардың қолында.

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Қазақ елі өткен жылдар қыруар іс тындырды. Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Өрбір отандасымыздың жүрегіне өз еліне деген шексіз мақтанш сезімін орнықтырдық. Қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды. Еліміз бойына ата-бабаларымыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, Егеменді елімізге аян-

бай қызмет ететін, ой – өрісі кең, алғыр да жүректі, салауатты азаматтар қажет», - деген болатын Н.Ә.Назарбаев. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл - парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген ұрпақ тәрбиелеу. Осыған орай Есеболатов ауылдық округінің мәдениет үйінде онлайн дөңгелек үстелдер өткізілді, сонымен бірге халқымыздың тарихында кейінгі ұрпақ мәңгі қастерлеп, ардақтап өтетін іс – шаралар жалғасын табады. Біздің ең басты міндет Отанды сүйе, өз елін, туған жердің құндылықтарын, тарихын білуге, жалпы адамзаттық құндылықтар мен терең кезқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау, насихаттау. Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімді ұрпақ керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін өскелең ұрпақ тәрбиелеу. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!» - деп ұлы ақын Абай атамыз айтқандай, көкжиектен ауытқмай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мәнзеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

**Шолпан ЖҰМАБЕКОВА,**  
**Есеболатов ауылдық клубының музыкалық жетекшісі, «Nur Otan» партиясының мүшесі.**

# БИ - МУЗЫКАЛЫҚ ЫРҒАҚҚА САЙ ДЕНЕ ҚИМЫЛЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ӨНЕР.

# БИ ӨНЕРІ



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Аптасына екі рет би үйірмесіне бару ақыл - парасат кемдігіне душар болу қауіпін азайтады. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім - әсерлері би қимыл - қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл - бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды. Келе - келе би қимылдарының мәнерлеу мүмкіндігі мен тәжірибенің молаюына орай жеке би өнері қалыптасты. Көне мәдениеттер ордасы болған Шығыс елдерінде (Грекия, Рим, Мысыр, Қытай, Үндістан) билеу мәдениеті шеберліктің биігіне жетті. Би музыкамен тығыз байланысты. Көптеген халықтың билері ұрмалы музыкалық аспаптардың ырғақты үнімен орындалады. Би хореографиясы жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді.

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әңкілерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстет. болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған. Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Қазақ биі халықтың тіршілік - тынысын, адамның табиғатқа кезқарасын, дүниетанымын айшықтайтын өнер ретінде өркендеуде.

Байырғы ортаңғы фольклорлық музыкамен орындалатын Тостаған биі, Келсап биі, Көктүйме биі, Шешке биі осы күнделікті тұрмыстық көріністерді ырғақты қимылмен бейнелеуден туған. Ал, Қара жорға, Аю биі, Жорға аю, Бүркіт биі, Қанжарақ (бүркіт биінің бір түрі), Бура биі, Қаз биі аңшылық кәсібімен айналысқан және табиғатқа жіті кез тігіп, айналадағы құбылыстарды байқап бақылаған қауымның санасында жаңғырған көріністері би өрнегіне арқау болған.

Жиын - той кезінде көңіл көтерудің бір формасына айналған, әуен ырғағына негізделетін жеке-леген және топтық билер адамдар арасындағы қарым - қатынастың жаңа бір қырын ашады. Халықтың ұлттық ерекшелігіне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әртүрлі болады. Ғалымдардың пайымдауынша, адамның бет - жүзінің әрекет - ишаралары мағынасы жағынан барлық халықтарда бірдей болып келсе де, климаттық және басқадай тұрмыстық жағдайларға, көңіл - күйге, әсерлеуге байланысты дене мүшелерінің қимыл - қозғалыстары әр халықта әркімнің пішінде болып келеді. Әр бидің өзінің шығу төркінін, тарихын бағзы кезеңнен жеткен аңыз - епсаналардан байқап білуге болады.

Қара жорға биінің шығуы жөніндегі аңыз алғашқы саз аспабы (қобыздың) пайда болған, жылқы түлігін үй жануары ретінде қолға үйреткен заманға жетелейді. Түз жылқысын шалмалап ұстап алған жігіт оны қолма - қол үйретіп, ауылына мініп келеді. Жылқы қара, әрі жорға екен. Өз табысына қуанып шаттанған әлгі жігіт алдымен атын ойнақтатып, ат үстінде, онан соң жерге түсіп билейді. Осыдан бастап би Қара жорға аталыпты - мыс.

Кешпенді мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ үшін ат - ер қанаты. Бейбіт күнде де, соғыс, жаугершілікте де ат - серік, күш, көлік. Жылқы иесі Қамбар ата деп жылқыны киелі, қасиетті жануар санады, қазақ тайпаларының ішінде

жылқы атымен аталатын рулар да жоқ емес (Керейде - Шұбарайғыр, Қыпшақта - Торыайғыр, Арғында - Жылқышы, Тұлпар, Күлік, Тайкелтір т.б.). Шыңжаңның Тасқорғанындағы тәжік, Атұш өлкесін мекендейтін қырғыздар арасында қазаққа кең тараған Қаражорға биінің бір нұсқасы деуге боларлықтай «Жылқы биі» таралған. Ертеде Қаражорға, Бозайғыр, Тепеңкөк, Өрмек т.б. күй аты болатын. Ырғағы буын биіне лайық келгендіктен, кейін би үлгісі шығып, әуен атына сәйкес Қаражорға, Тепеңкөк, Өрмек т.б. аталып кеткен. Осы тәрізді әуені ойнақы келетін, билеуге лайық ән - күйлерге билеу негізінде «Қамажай», «Айжан қыз» билері туып, халық арасына кең тарады. Би үш тоқа бөлінеді: ұлттық билер (қара жорға, лезгинка, фламенко, гопак т.б.), банальді классикалық (вальс, танго, румба), заманауи (рок-н-ролл, брейк, сахналық балет т.б.)

Қазақ халқының би өнері халықтың поэтикалық, музыкалық шығармашылығымен, фольклормен тығыз байланыста қалыптасып дамыды. Ишарамен, ыммен (мимика) айту әдісін, халықтың дәстүрлері мен салттарын кең қолдана отырып, хореографиялық қимылдың алғашқы элементтерін пайдаланып, жастарға мінез-құлықтың нақты мөлшерін үйретеді. Мысалы: «Қазақстан хореографиясының тарихы» атты кітапта «Тәжім» қимылына толықтай тоқталып өткен. Қызды ұзатуға байланысты салттың тәлімдік үлгісі мол. Музыкамен, қалыңдық өзі қосыла билейтін қимыл-әрекеттер «Қыз таныстыру», «Сынау», «Жар-жар», «Қоштасу», «Беташар» тәрізді би қойылымдарында салт-дәстүрді көрсету үшін қызығылықты-ақ. Бұл дәстүрлердің әрқайсысының өзінің орындалу уақыты, өз мақсаты бар және ақыл айту, тәрбиелеу, тілек тілеу тәрізді тағылымы мол дәстүрлерді көрсетеді. Қыз ұзату салты, өз кезегінде, өмірінің жаңа кезеңін бастаған қыздың белгілі бір әлеуметтік мәртебесін білдіреді.

Осы әдемі қимылдардан кейін қалыңдық міндетті түрде белгілі бір адамның алдына келіп иіледі. «Тәжім ету - халық санасына өте әсер ететін сипаттардың көрсеткіші. Ұлттық тәжім ету қоғамның моральдық қалпын бейнелейтін мінез-құлық мөлшерлерінің барлық этикасын өзіне жинақтаған», - деп көрсетілген «Кочевники-эстетика» атты ғылыми жинақта.

Бұл тәжім ету қимылы кішіпейілділікті, келісуді, көшіруді де білдіре алады. Тәжім ету - ұзақ мінез, қимастықты білдіреді. Қазақ биінің қай қимылы болмасын, қарап отырсаңыз тұрмыс - тіршіліктен, табиғаттан, өмірден алынған. Мысалы, қыздардың қимылында көп кездесетін «Білезік», «Қос алқа», «Қызғалдақ», «Қайнар бұлақ», «Жа-

лын», «Тұмар», «Айна», «Бұраң бел» т.б. би қимылдарында өзіндік мағына бар.

Қыздардың қарапайым қолына таққан білезігінен тұратын биді көрсетуге болады. Тек осы қос қолға таққан білезікті насихаттап, білезік арқылы әртүрлі қимылдар жасауға болатынын анықтауға болады. Жалт-жұлт еткен білезікті және алқа, сырға, шолпы т.б. әшекей бұйымдарды мәдениетті түрде, өз ережесімен сахнада би тілінде қолдану әдісі композициялық қойылымдарда орын алып отыр. Бұл балетмейстердің үлкен тапқырлығы, шеберлігін қажет етеді. Өрне музыка ырғағымен, сол әшекейлерді би тілімен насихаттауда сахна төрінде киім үлгісі де биге лайық болуы шарт. Қазақтың қол қимылдарын жасау, орындау барысында жеткілікті түрде нақтылық қажет. Қазақ биінің қол қимылдарында, сонымен қатар, «Толқын», «Орама толқын», «Шынтақ толқын», «Орама», «Орама өрнек», «Жалын», «Бидай боз», «Қосшынтақ», «Беташар» тағы да басқа өрнектер түрінде болып келуінің өзі басқа халықтардың қол қимылдарынан ерекшеленетін өзгешелігі деп санаған жөн. Сонымен қатар, «Бүктелме», «Ырғақты қадам», «Айдаһар иірілу» және тағы өзге дене қимылдарының атаулары бар. Дегенмен, аталған қол және дене қимылдары мән-мағынасын жоғалтпастан, заман ағымына еріп, құбылып отыруы мүмкін. Біртуар талант, қазақ биінің Падишасы – Шара Жиенқұлова апамыздың сөзімен айтсақ: «Искусстваның басқа түрлеріндегі хореография өнері де диалектикалық құбылыс сияқты, үнемі өзгеріп, дамып отырады».

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Т.Ш. Бақтыбаев «Қазақ биі – ұлт болашағы» атты еңбегінде былай дейді: «...«Би – эстетикалық құрал, ол сөзсіз дене сұлулығына тәрбиелейді. Әрі халық билерінің өздеріне тән ерекшеліктері би қойылымдарында, іс – қимылдарында көрініп тұруы керек. Би өнері қазақ халқы үшін тәрбие құралы, мәдениет жаршысы, тіптен қазақ тарихы десек те болады», - деп жазды.

Елбасымыз «Рухани жаңғыру» мақаласында айтылған үш басты негізге сүйенсек, біріншіден, біздің ұрпағымыз денсаулығы да, рухы да мықты ұрпақ болуы қажет, екіншіден, өз ісіне аса жауапты, білімді, бәскеге қабілетті, ұшыншіден, өз Отанын, елін сүйетін, ана тілін, ата салт-дәстүрін, ұлттық өнерін құрметтейтін рухани бай ұрпақ болуға тиіс. Ұлттық биіміздің оқушыларға тәрбие беруде мәні зор болмақ.

**А.ТЕКЕЛБЕКОВА,**  
**И.Исабаев атындағы өнер мектебінің хореографы.**

# АЗАМАТТАРДЫ 2021 ЖЫЛДЫҢ КӨКТЕМІНДЕ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ КЕЗЕКТІ ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ДӘРІГЕРЛІК САРАПТАМАДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде әскери есепте тұрған азаматтарды наурыз - шілде айларында мерзімді әскери қызметке шақыру үшін 2003 – 1995 жылдары туылған азаматтарды алдын ала дәрігерлік сараптамадан өткізу жұмыстары, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-ІІУ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 5 ақпандағы №503 мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы Жарлығына сәйкес ұйымдастырылып, жүргізілуде.

Әскери есепте тұрған шақырылушылар шақыру қағазында белгіленген уақытында алдын ала зерделеу, дәрігерлік сараптамадан өту және керекті құжаттарды жинақтау үшін, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге келуге міндетті. Дәрігерлік сараптама қорытындысы нәтижесінде, әскерге шақыру комиссиясының шығарған шешіміне қарай, денсаулығы жарамды, кейінге қалдыруға жатпайтын азаматтар әскер қатарына алынады.

Мерзімді әскери қызметке отбасы жағдайы бойынша, білім алуды жалғастыру үшін, денсаулығы жарамсыз азаматтар әскер қатарына шақыруға жатпайды.

Дені сау жігіттердің кейбірі әскери қызметтен жалтарып жатса, ал денсаулығына байланысты жарамсыз деп танылған жігіттердің көбі керісінше әскер қатарына барғысы келеді. Өйткені, мерзімді әскери міндетін өтеп қолына әскери билетін алған азаматтар, келісімшарт бойынша әскери қызметке немесе құқық қорғау органдарына және басқа да мекемелер заңға сәйкес әскери билетін талпап ете отырып, жұмысқа қабылдайды.

Елімізді қорғау – ер азаматтың міндеті. Темірдей тәртіпке шыңдалып, әскери ортаға қанық болып, командирдің ата - анаға арнаған алғыс хатын алып келіп жатқан жастарымыз баршылық. Сондықтан болар, әр әскерге шақыру жасындағы азаматымыз әскери киімді киіп, жауынгерлік рухты сезінгісі келеді.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», - деп айтқан Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, жазушы, қазақтың ер жүрек батыры Бауыржан Момышұлының дана сөзі болашақ Отансүйгіш жастар санасына үлкен ой салып, рухын көтереріне сенім білдіремін.

18 жас пен 27 жасқа дейінгі аралықтағы азаматтар өздерінің тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп, әскери есептерін анықтаулары қажет. Нақты себепсіз дәрігерлік тексерілуден өтпеген немесе мерзімді әскери қызметтен жалтарған азаматтар өздерінің әскери міндеттерін орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 647, 648-баптары бойынша жауапқа тартылады.

Керекті ақпарат алу үшін (8-728-32)-2-20-29; 8-7057013650 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

**Б.ЕРМҰХАНБЕТОВ,**  
**аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник.**

# ЖАС ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРНЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!



- Құрлықтағы әскерлер Әскери институты, Радиоэлектроника және байланыс инженерлік Әскери институты, Өуе Қорғаныс Күштері Әскери институты және Ш.Уәлиханов атындағы әскери колледжі бар. Ш.Уәлиханов атындағы әскери колледжіне таңдау пәні қажет емес, аттестат балы 3,5 болуы керек. Оқу орнына барған кандидаттар дене даярлығынан, жүйке-жүйе тексеруінен және соңғы дәрігерлік сараптамадан өтеді.

Ақсу ауданы бойынша өзіміздің аудан мектептерінің 9 түлегі қазіргі кезде өз таңдауымен әскери оқу орындарында білім алуда. Биыл мектеп аяқтайтын, өмірден өздеріне лайықты, мамандық таңдап жүрген жасөспірімдерді Әскери оқу орнын таңдауға шақырамыз. 2021 жылдың наурыз айынан бастап қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп тіркелуге болады.

Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің байланыс телефондары: (8-728-32)-2-20-29; 8-7057013650 арқылы керекті ақпарат беріледі.

**Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.**

## Мектеп психологының түзету – дамыту жұмысының жүйесі

### Психологиялық қызметтің міндеттері:

Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру	Білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету	Психологиялық диагностикалық жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту
Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру	Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету	Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету

Түзету және дамыту жұмыстары негізгі оқу процесіне қосымша қызмет болып табылады. Осы бағыттың арқасында баланың анағұрлым тиімді дамуына, оның қабілеттерін түрлі салаларда ашып, жүзеге асыруға қол жеткізуге болады.

Педагогикалық қызметтің бұл бағытының мақсаты - оған мұқтаж оқушыларға түзету және дамытушылық қолдау көрсету үшін жағдай жасау. Бұған қызмет көрсету немесе тиісті мамандарға жолдау арқылы қол жеткізіледі.

Түзету және дамытушылық педагогикалық қызметтің ерекшеліктері - оқу орнында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру; тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде ұсынуға; қалаған түзету және дамытушылық нәтижеге қол жеткізу.

Даму кезіндегі ақауларды түзету сабақтарын жеке немесе топтық түрде өткізу ұсынылады. Әр сабақта мұғалім балаларға сәттілік пен мадақтауға лайықты жағдайлар жасайды. Бұл оқушылардың ынтасы мен өзін-өзі бағалауының артуына ықпал етеді. Сабақтар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керек. Түзету-дамытушылық жұмыста жетекші орынды психологиялық-педагогикалық түзету алады.

Психологиялық түзетудің негізгі функциясы - бұл басқаларға қарағанда оқушының жеке басының қалыпты қалыптасуына ықпал ететін жағдайларды анықтау.

Психокоррекцияның тағы бір маңызды бағыты - бұл балалардағы танымдық белсенділікті дамыту, олардың қалыпты дамуына кедергі келтіретін бұзылыстардың алдын - алу және жою. Бұл жағдайда психологиялық түзету педагогикалық түзетумен қатар жүруі керек.

Мектептегі педагог - психологтың түзету - дамыту жұмысы сыныптағы тұлға аралық қатынастарды түзетуге бағытталуы, оқушылардың өміріндегі дағдарыс кезеңдерін еңсеруге көмектесуі керек (мысалы, орта мектепке ауысу, жасөспірімдер, мамандандырылған сыныптар, емтихандарға дайындық және т.б.). арнайы жасалынған психологиялық ойын жүйесі арқылы, таңдалған сабақтармен тақырыптық тренингтер. Педагог - психологтың дамуының тағы бір маңызды бағыты - жоғары сынып оқушыларына өмірлік жоспарларын анықтауда, кәсіби және жеке өзін-өзі анықтауда, уақыт перспективасын анықтауда көмектесу.

Мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ең алдымен мыналарға байланысты:

- баланың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен;
- мектепке дейінгі баладан ол оқушыға айналады;
- жетекші іс - әрекетінің өзгеруімен;
- білім беру қызметі басты бағытқа айналады;
- мектеп талаптарына бейімделумен байланысты эмоционалды саланың өзгеруімен.

Балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарында психолог баланың тікелей әлеуметтік ортасына ерекше назар аударуы керек, яғни, ата-анасына. Мұндағы маманның маңызды міндеті - баланың туыстарын оның денсаулығына алаңдаушылық пен қорқыныштан арылту. Сонымен қатар, ол қиындықтарды терең түсінуге, баланың қажеттіліктеріне сезімталдықты арттыруға қол жеткізуі керек.

Педагог - психолог пен ата-ананың өзара әрекеті оның басты мақсаты ретінде баланың және оның жеке басының проблемаларын терең, жан - жақты және объективті түсінуге қол жеткізуі керек.

**Дана ДУТБАЕВА,**  
**«Е.Жайсаңбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы.**

## 2021 жылғы Ауылшаруашылық техникаларына жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау өткізуі

Ақсу ауданы бойынша тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналарымен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау төмендегі кесте бойынша жүргізіледі.

Заңды тұлғалар машиналарды мемлекеттік техникалық байқаудан өткізуге мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
- 2) Теңгерімде тұрған машиналардың тізімі (маркасы, моделі, заводтық нөмірі, мемлекеттік нөмір белгісін көрсетіп)
- 3) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

Жеке тұлғалар мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Өтініш (көрсетілген нысан бойынша)
- 2) Машинаға тіркеу құжаты (техпаспорт)

№	Округтер атауы	Жауапты қызметкердің аты-жөні	Қызмет телефон нөмірі	Өткізілетін мерзімі
1	Есеболатов	Нұрахметов Б.Т.	2-93-59	18.03.2021 сар. 09-11
2	Қарасу	бас маманы	2-93-30	18.03.2021 сар. 14-17
3	Б.Сырттанов	Ермұханбетов Б.	50-1-94	20.03.2021 сар. 09-11
3	Қарашілік	Садуақасов Ы.	5-01-01	20.03.2021 сар. 14-17
4	Қызылагаш	Самихов А.	28-0-08	24.03.2021 сар. 09-12
5	Қаракөз	Көпелбаев Д.	2-93-83	26.03.2021 сар. 09-11
7	Жаңалық	Мұсанов Б.	2-71-86	27.03.2021 сар. 12-13
8	Ақсу	Байжұманов С.	24-1-06	27.03.2021 сар. 14-16
9	Ойтоған	Білісбек Т.	27-0-50	27.03.2021 сар. 16-18
10	Қапал	Ерекенов Н.Е.	3-12-50	29.03.2021 сар. 09-11
11	Көшкентал	Серіков Ұ.	5-10-60	29.03.2021 сар. 14-16
12	Арасан	Ғалымжанова Р.	30-1-24	31.03.2021 сар. 09-11
13	Суықсай	Мерекенов Ғ.	5-20-40	31.03.2021 сар. 16-17
14	Молалы	Дауытбеков С.	2-81-22	02.04.2021 сар. 09-11
15	Матай	Қыдырбеков С.Т.	2-34-87	02.04.2021 сар. 14-16
16	Егінсу	Қырықбаев Д.	2-81-77	02.04.2021 сар. 17-18
17	Жансүгіров	Шарипов Б.	2-25-50	04.04.2021 сар. 09-11

Жоғарыда аталған округтердің өкімдері және ұжым жетекшілері, Үкімет тарапынан көрсетіліп отырған жеңілдікті пайдалану үшін ұйымдастыру жұмыстарын жоғары сапада жүргізу ескертіледі.

**Қуаныш ТІЛЕУБАЕВ,**  
**«Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-нің Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде техникалық жұмыстарын жүргізу маманы.**

### ■ БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ?

## Сіз тері аурулары туралы не білесіз?

Дерматомикоздар – патогенді микроскопиялық саңырауқұлақтар-дерматофиттер тудыратын, құрамында кератин бар тіндерге – эпидермистің, шаштың, тырнақтың зақымдалуына әкелетін, кең таралған жұқпалы аурулардың бірі. Тері ауруларының қауіпі, оның созылмалы түрде өтуі, яғни өршу қауіптілігінде.

**Инфекцияның таралу ерекшеліктері,** Дерматофиттер жұқпа кезімен (адам, үй жануары) тікелей немесе жанама жанау арқылы таралады. Жанама жанау жеке пайдалану заттары (тарақ, киім, аяқ киім, бас киім) арқылы, сондай-ақ қоғамдық орындарда пайдаланатын заттардан да (кілемшелер, сүлгі, тесек жапқыштары, сұлулық салондарында қолданылатын құралдар, жұмсақ жиһаз, ойыншықтар) жұғады.

**Инфекцияның даму ерекшелігі** Зақымдалған терінің

қабыршақтарында, шашта, тырнақта патогенді саңырауқұлақтың қосалқы элементтері шоғырланып, зақымдалған ошақтардан, сырқаттың заттарына және қоршаған ортаға жұғады. Дерматофиттердің негізгі үш түрі бар: антропофильді, геофильді, зоофильді.

**- Антропофильді дерматофиттер,** негізінен адамдар арасында кездесетін тері жұқпа ауруы, сирек жағдайда жануарлар ауырады. Жұқпа кезі – сырқаттанған адам.

**- Геофильді дерматофиттер,** бұл дерматофиттер сыртқы ортада – топырақта кездеседі, жанау арқылы жұғады.

**- Зоофильді дерматофиттер,** жануарлар үшін патогенді дерматофиттер, яғни инфекция көзі болып үй жануарлары табылады – мысықтар, иттер, тышқан терізде кеміргіштер

**Сырақтану белгілері:** Теріде дөңгелек формалы қызыл дақ (диаметр 5 см дейін) және бөртпе пай-

да болады, қабынған бөліктерде шекарасы айқын көрінетін қабыршақтану, зақымдалған орында қышу және ауырсыну белгілері болады. Теріде дақтар бір - бірден немесе топтасып орналасады (жиі – дөңгелек формада бөртіп суланып, ал құрғағанда тері қабыршықтанады).

**Сырақтанудан қорғану шаралары:** Жеке гигиена ережелерін сақтау, (қолды жуу, өңдеу, киім мен гигиена құралдарын жеке пайдалану) - дерматомикоздардың алдыналуының негізгі, шараларының бірі.

Жеке гигиена шараларын сақтау дегеніміз – денсаулық кепілі және жұқпалы паразитарлық аурулардың алдын алу. Әр адам өз денсаулығына қарауы керек екенін ұмытпайық.

**Әдемі және сау тері – денсаулықтың көрсеткіші.**

## Қышыма (Чесотка)

Қышыма - жұқпалы тері ауруы. Ол адамның денесіне қотыр жұқтыратын кененің түсуінен пайда болады. Жұқтыру көзі болып табылатын - адам. Кене басқа сау адамға қарым қатынас арқылы жұғады, яғни қоғамдық моншалардан, душ қабылдайтын орындардан, жатақханалардан және жолаушылар жүрген кезеңдерде. Осы ретте аурудың өзіне тән белгілерін білу аса маңызды. Қолдың саусақтарының арасында, кеуде мен іштің, санның, аяқтың терісінде бөртпелер пайда бола бастайды. Қышыманың ерекшелігі - ауырған адамның денесі, әсіресе түнде қатты қышыды оған микробтар түсіп, қышымаға терінің іріңді жұқпасы қосылып, ауру әрі қарай асқынып кетеді. Қышымаға қарсы арнаулы емді тері ауруының дәрігері ғана жүргізеді. Ауырған

адам өзін-өзі емдеуге болмайды. Қышыманы жұқтырмау үшін қарапайым гигиеналық ережелерді сақтау керек: жеті сайын моншаға түсіп, жуыну, іш киімдерді және тесек жаймаларын жиі-жиі ауыстырып, оларды жуылғаннан кейін үтіктеп отыру керек.

Әр адамның жеке орамалы, жөкесі, аяқ киімі басқа да тұтыну заттары жеке болғаны дұрыс. Қышыма ауруын жұқтырып күдіктенген жағдайда уақыт өткізбей тездетіп тері ауруларын емдейтін дәрігерге келіңіз дұрыс. Дәрігерге ерте қаралу - айналасындағы адамдарға қышыманың таралмауын және одан тез сауығуын қамтамасыз етеді.

**Б.ТЕМІРХАНОВ,**  
**аудандық СЗББ басшысы.**

**А.СЕҢКІБАЕВА,**  
**санитариялық-эпидемиологиялық бөлімінің маманы.**

### МАМАН КЕҢЕСІ

## Шошқаның африка обасынан сақтанайық!

Аурудың қоздырғышы - сыртқы ортаға аурудың қоздырушысы өте тезімді, шошқа қорасында-3, топырақта-4, өлекседе-2,5 ай сақталады және сүрленген шошқа етінде 6 айға дейін тіршілігін жоймайды.

Аурудың клиникалық белгілері -жасырың кезеңі 2-22 күн, аса жіті, жіті және созылмалы өтеді:

1). Аса жіті өткенде, дененің ыстығы кенеттен 40,5° - 42,5°С-қа көтеріледі. Жануар еңгітіп, жөтеледі, азықтан бас тартады, шөлдейді. 1-2 күн өткенде ыстығы төмендейді. Артқа аяқтары салдана бастайды, ыстығы басылғаннан соң 2-3 күн өткенде ауырған шошқа өледі.

2). Жіті өткенде дененің ыстығы үнемі жоғары болып, тек өлдерден 2-3 сағат бұрын 37-35°С-қа төмендейді. Ауырған шошқаның танауы мен көзінен қоймалжың сора ағып, кейде танауынан қан кетеді. Өкпенің қабынған белгілері байқалады. Терісі, әсіресе, құлақта талпақ танауында, кеудесінде, төсінде, құрсақ тұсында, құйрығында көкшіл түске енеді. Аурудың соңғы

кезеңінде бұл жерлері қанталайды. Өлерінен 1-2 күн бұрын кей жануарларда менингоэнцефалит белгілері байқалады. Буаз мегешімен іш тастайды. Ауру 4-10 күнге созылып, өліммен аяқталады.

3). Созылмалы өткенде, 15-25 күнге созылып, көбінесе өліммен тынады. Тірі қалған жануарларда ауру созылмалы түрге ауысады да, 2 айдан 1 жылға дейінгі уақыт аралығында бронхопневмонияға тән белгілерімен әбден арықтап барып өледі.

Дауалау - бұл ауруға диагноз қою індеттанулық талдауға, клиникалық белгілеріне және зертханалық зерттеулердің нәтижелеріне негізделеді.

Аурудың алдын алу үшін:

- 1). Аудан аумағына шошқаның африкалық обасынан таза емес аудандардан үй және жабайы жануарларды, олардың өнімдерінің барлық түрлерін және жем-шөп қоспаларын әкелуге тиым салынады.
- 2). Шошқа азықтандырудан қалған тамақ

қалдықтары мен қоқыстарды тұрақты түрде жиналып өртелуі қажет.

3). Тұрақты қора-жайға газарту жұмыстарын жүргізіп, көң арнайы орынға жинау, ағымды залалсыздандыру жүргізу.

4). Шошқаларға үнемі клиникалық тексеру жүргізіп отыру.

5). Ауруға күдік және клиникалық белгілерінде өзгеріс болған жағдайда ветеринария мамандарына хабарлау және мамандар оқшаулауды қамтамасыз ету.

Ал, ауру байқала қалған жағдайда індет ошағына карантин қойылады. Ол жердегі барлық шошқаны қанын шығармай өлтіреді. Шошқанын өлекселерін, көнді, қалған азық қалдықтарын жағып жібереді. Қораны 3-5 күн сайын 3 рет 4% белсенді хлоры бар хлорлы әкпен, 2-3% белсенді хлоры бар натрий препараттарымен дезинфекциялайды. Сонымен қатар, дератизация және дезинсекция жасалынады.

Құрметті аудан тұрғындары! Баршамыз осы айтылған талаптарды орындаған жағдайда жұқпалы шошқаның африкалық обасынан эпизоотиялық тұрақтылық қамтамасыз етіледі, деп есептейміз.

**Ж.РАХИМОВ,**  
**мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторы.**

# ЖЫР ДҮЛДҮЛІН ЕСКЕ АЛУ

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Елбасының "Ұлы даланың жеті қырды" мақаласында айтылғандай ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен айтулы тұлғалардың бірі - жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтың жастарға үлгі болары анық. Иә, қазақ әдебиетінің класисі, шоқтығы биік ақын, драматург, фелетоншы, очеркші, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіров орда бұзар отызға келмей тұрып, сол кезде - ақ, өз заманының азуы алты қарыс дарын иесі, сылы сөз шебері,

күш қуаты тасыған шығармашыл тұлғасына айналған. Ал, бүгін, яғни 26 ақпан ұлы дарын иесінің өмірден озған күні. Осы қаралы датаға байланысты Есеболатов ауылдық кітапханасында «Жыр дүлдүлі Ілияс» атамызды еске алу сағаты ұйымдастырылды.

«Ұлылыққа тағзым - ұрпаққа тағылым» атты І.Жансүгіровтың жеке кітаптары мен еңбектерін көрсететін кітап көрмесін таныстырып, Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлттың болмыс қасиеті

оның шығармаларының алтын арқауы. Дауылпаз, дүлдүл ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері, алаштың ардақтысы болғаны жайлы айтылады.

Ауылдық кітапхананың тұрақты оқырмандары, Н.Есеболатов атындағы орта мектебінің оқушылары Шындәулет Қарақат, Шырбай Аян, Тоқтасын Батыр және Адай Ақбаян мен Адайұлы Ай-дос Ілияс атамыздың өлеңдері мен бабамызға арнаған арнау өлеңдерін оқыды.

Иә, Кеңестің қыңыр саясатымен қазақтың қаншама дарынды "Халық жауы" атанып, абақтыға қамалып, ату жазасына кесілді. Сол бір қуғын - сүргін заманда өзі өлсе де, артында қалған сөзі өлмеген аталарымызға арнап, құран бағышталып, жеті нан таратылды. Ілияс атамыз халқының мәңгі есінде.

**Сандуғаш ТҮКЕНОВА,**  
Есеболатов ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

# ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ӘЛ-АУХАТЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ БЕКІТІЛДІ



«Nur Otan» партиясы Ақсу ауданы бойынша 2021 - 2025 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасының жол картасы 18 ақпан күні өткен Ақсу аудандық партия филиалының Саяси кеңес Бюросында бекітілді. Аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты

К.Дәулетбекова жол картасының: экономикалық тұрақты, қолайлы, әлеуметтік бағдарланған, жастарға арналған, тарихи мен мәдениеті бай, ашық және есеп беретін жергілікті органдар және қауіпсіз аудан деп аталатын 7 бағыт бойынша әзірлегендігін және бағдарламаның мақсаты - халықтың өмір сүру сапасы мен әл - ауқатын үнемі жақсарту үшін жағдай жасау», - деп атап айтты. Осы жол картасындағы көрсеткіштердің әр бағытына аудандық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракция мүшелері бекітілді. Сонымен бірге тиісті мекеме басшылары орындалуына жауапты болады.

**С.МАНАП,**  
«Nur Otan» партиясы Ақсу ауданы филиалының консультанты.

## ЖЫР АЛЫБЫ - ЖАМБЫЛ

● **ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ - 175 ЖЫЛ!**

Қазақтың жыр әлемінде, поэзияда Жамбыл Жабаевтың алатын орыны ерекше. Оның шығармалары қазақтың мұражайларында «Алтын қор» ретінде сақтаулы. Арқыраған ақ боранда Жамбыл тауының етегінде туған Жамбыл жастайынан төкпе жырдың шебері ретінде қалыптасты. Бозбала кезінің өзінде қырғыздың аты шулы, басынан сөз асырмаған ақыны Қаптағанмен айтысып жеңілгенін мойындатады.

Осыдан кейін-ақ, Жамбылдың атағы қазақ арасына тарап кетеді. Жамбыл Сүйінбай Аронұлынан жырдың қыр-сырын үйренді. Одан батасын алады, ол Тезек төремен айтысып, оны жеңіп, тағы да даңқын асырады. Жамбылдың жырлары Кеңес кезеңінде еңбекші халқына келешекке деген сенім берді. Ұлы Отан соғысы басталып, Ленинград қаласы жау қоршауында қалады. Жамбылдың оларға арналған, «Ленинградтық өрендерім» атты сөлем толғауы қола жұрттына ерекше бір күш-қайрат беріп, жеңіске деген сенімдерін жоғалтпауға себеп болды. Осы атақты толғау келесі күні орысшаға аударымын «Правда» газетінің бас мақаласы ретінде жарияланды. Ленинград көшелеріне ілініп тұрды. Осындай жырдан күш-қуат алған қала халқы қиыншылыққа мойымай, қоршауда бұзып шықты. Соғыстан кейінде Жамбыл жырлауын тоқтатпай Ұлы Жеңісті көріп барып, бір ғасыр жасап дүниеден өтті. Жамбыл жырлары мәңгі өлмес туындылар, оны елі көзінің қарашығындай сақтайды.

**Макира ЕСЖАНОВА,**  
Арасан ауылдық мәдениет үйінің әдіскері.

## Ата - аналар, абай болыңыздар!

Құрметті ата - аналар! Сіздердің назарларыңызға балалармен жазатайым оқиғалардың алдын - алу бойынша қағидаттарды ескертеміз.

Дәрі - дәрмектер мен тұрмыстық химия құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерлерде, пестицидтер (селитра) мен мұнай өнімдерін жеке үй - жайда сақтау;

Кішкентай балалар бар үйде ұсақ ойыншықтар (лего) сатып алмау;

Химикаттарды тамақ өнімдеріне арналған ыдыстарда сақтауға болмайды;

От көздері (пеш) және жылыту құралдары мұқият қоршалуы тиіс;

Тамақ пен суды жылытуға арналған электр аспаптарының баулары қысқа болуы тиіс. Ұзын бауларды балалардың қолы жетпейтін биіктікке ілу керек.

Теледидарға арналған кронштейндер теледидардың салмағына сай 12 кг. артық болуы керек және қабырғаға бекітілуі керек, баулар балаларға қол жетімді болмауы тиіс.

Үстелде дастархан болмауы керек. Ыстық тамақ, шөйнекті үстелдің шетіне емес, үстелдің ортасында қою керек.

Пайдаланылмайтын электр розеткалары бітеуіштермен жабылуы тиіс. Баланы машинада арнайы балалар орындығына тасу керек.

Суда және оның жанында бала бір минутқа да ересектердің қарауынсыз қалмауы керек. Егер үйде бассейн болса, оны мұқият қоршау керек.

Сіріңкелерді, пышақтарды, қайшыларды, инелер мен түірештерді, моншақтарды және басқа да ұсақ және өткір заттарды балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтау керек.

Бала ойнайтын алаң жүру алаңынан бөлек қоршалуы тиіс.

Үйден көлікпен кетпес бұрын баланың жанында жоқ екеніне көз жеткізу керек.

Баланы жуынатын бөлмеде қараусыз қалдырмаңыз.

Шайнауды әлі үйренбеген кішкентай балаға жаңақ бермеңіз, ол тыныс алу жолдарына түсіп, тұншықтыру туғызады.

Балалар бар үйлердің терезелерінде тор болуы қажет. Москитті торларға сенбеңіз.

Өткір бұрыштары бар жиһазды арнайы дүкендерде сатылатын жиһаз бұрыштарына арналған арнайы жапсырмалармен қауіпсіздендіріңіз.

Балаларды үй жануарларымен жалғыз қалдырмаңыз. Кішкентай балаларды - үлкен балаларға қалдырмаңыз, себебі ол да әлі бала!

**М.ОМАРОВА,**  
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің үйден қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі.

● Жансүгіров ауылының тұрғыны Джакупбекова Айым-бала Абдолдаевнаның атына берілген №039100265, берілген күні 27.10.2015 телқұжаты жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

## ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ АҚЫЛ - ОЙЫН ЖЕТІЛДІРУ



Балалардың жан - жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын баланың кез - келген пәнге қызығушылығын оятып, болжау қабілетін дамытады. Қазақ халқында «Баланы ойын өсіреді», - деген даналық сөз бар. Ойын - балалар өмірінің нәрі. Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Ойынды баланы алдаушы құрал ретінде ғана қолданбай, баланың дүниетанымын қалыптастыруға, қиялын шыңдауға, баланың арман - тілегін талпынуға, зейінін, жадын қалыптастыруға, ойлау қабілетінің дамуына әсер етуге болады. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады.

"Балалық шақ - бала бойына адамгершіліктің негізін қалайтын кез". Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру, жақсы мінез - құлыққа, жасы үлкенді және бірін - бірі сыйлауға ұйрету - ата - аналар мен ұстаздардың міндеті. Мәселен, кез - келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбылармен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір - бірімен өзара қарым - қатынас жасайды. Ойын - балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Мокаренко: «Бала ойында қалай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады», - десе, В.А.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыптасуы да жоқ және болуы да мүмкін емес», - деп айтқан. Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады.

Ал ойын деген не? Ойын - дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті. Ойын дегеніміз - ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын - тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан - ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін, ақыл - ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ойын баланың күш - қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл - ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі ширай түседі. Ойын арқылы тұрмыс - салт, әдет - ғұрып, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайында таным түсінігі де қалыптасады.

Ойын - бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойын үстінде дүниетанудағы өз мүмкіншілігін сезінуімен қатар айналадағы адамдар мен олардың әрекетіне көңіл аударарды, заттың ішкі мазмұнын білгісі келеді. Баланың қиялын, ойлауын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелермен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар. Сондықтан ұстаздар мен ата - аналар бұл ойындарды белгілі бір талапқа сай ұйымдастырып отырулары қажет.

«Қарасу негізгі орта мектебінде логопед қызметін атқара жүріп, осындай ойын түрлерін бастауыш сыныптарда күнделікті жұмысымызда дидактикалық ойын элементтерін үнемі жүргізіп келеміз. Ойын баланың жан - жақты жарасымды тәрбиелеудегі психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын - баланы жасыптай оқытуға, балалардың бойында сенімсіздік комплексіне жоюға, баланың өзін - өзі тануына, жеке тұлғалыққа, дарындылыққа, жан - жақтылыққа, кісілік парасаттылыққа, салауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, ойын элементтерімен халықтық педагогиканы ұштастыру қажет екені сөзсіз.

**Маржан ШҰЛҒАУБАЕВА,**  
«Қарасу негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің логопеді.

## "КӨКТЕМ - 2021" КОМАНДАЛЫҚ - ШТАБТЫҚ ОҚУ - ЖАТТЫҒУЫ



Ақпан айының басында жыл сайынғы дәстүр бойынша ауданымызда көктемгі су тасқынының алдын алуға байланысты Ақсу ауданының әкімімен бекітілген қауіп - қатердің алдын алу жөніндегі іс - шаралар жоспарына сәйкес аудан орталығында №29 - шы өртке қарсы қызметімен және ауданымыздағы барлық қауіпке қарсы жасақтарымен бірлескен «Көктем - 2021» командалық - штабтық оқу-жаттығуын өткізді.

Жаттығуға аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, орталық аурухана, Ақсу аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, ішкі істер бөлімі, РДТ "Қазақтелеком" Сарқан-Ақсу ЛТЦ, Ақсу аудандық электр жүйелері (РЭС), Ақсу ауданы әкімшілігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақсу Су құбыры» МКК, т.б. мекемелермен бірге Жансүгіров ауылдық округінің жұмысшылары тобы қатынасты.

Оқу - жаттығуда аудан әкімінің орынбасары Құсмолдин Серік Әділбекұлы, Ақсу ауданының ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры Нұрәулет Жақсыбаев сөз сөйлеп, барлық мекемелердің дайындықтарын бақылап шықты.

Су тасқынына ең қауіпті аймақ Н.Есеболатов ауылдық округі деп танылып, алғашқы жаттығу жұмыстары осы ауылда жалғасты. Кезінде Жамау ағамыз жығға қосқан кішкентай ғана "Жартоған" көктемде су көбейгенде арнасын асып, ауылға қарай жайылып кетеді екен. Сондықтан Жартоғанның ауыл жақ қабағын көтеріп, қауіптің алдын алу шаралары жасалды.

Ауыл ішіндегі арықтар тазаланып, көпірлердің ауызы аршылды. Құтқару шаралары қадағаланып, құтқарылған бір топ ауыл тұрғындарын аудан орталығындағы Ақсу политехникалық колледжіне орналастырып, ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары көрсетілді.

Біздің байқағанымыздай ауданымыздың қауіпке қарсы жасағы сақадай сай екен. Жамандықтың бетін ары қылсын. Жақсылыққа жүздесуге жазсын. Марқұм Нұртілеу ағамыз айтқандай "Бай, қуатты болайық ағайын!"

**Ербол СЫМХАНОВ.**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.

**Меншік иесі: «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

**Директор - бас редактор**  
**Қасымбекова**  
**Ләззат**  
**Қалмұхамбетқызы**

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
Ақсу ауданы,  
Жансүгіров ауылы,  
Желтоқсан көшесі, №5.  
Аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488  
Осы шығарылымның таралымы 3044

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru  
Газеттің ресми сайты: aksuoniri.kz

Индекс: 65750  
Офсеттік басылым көлемі 26 т.